

ОРТА АЗИЯДАҒЫ АДАМ ҚҰҚЫҒЫ

Әр тоқсан сайын шығатын ақпараттық-сараптамалық бюллетень

«Орта Азиядағы адам құқығы мен құқыққорғау білімін БАҚ арқылы қорғау» жобасы

№ 3 шығарылым [маусым-қыркүйек 2009 жыл]



Еуропалық
комиссия



Соғыс және бейбітшілікті
жариялау жөніндегі Институт

Құрметті оқырмандар!

Сіздердің назарларыңызға Орта Азия мемлекеттеріндегі адам құқығына қатысты өзекті сұрақтарды баяндайтын ақпараттық-сараптамалық бюллетеньнің екінші нөмірін ұсынып отырмыз. Мүмкіндікті пайдалана отырып, бұл нөмірді пайдалы және қызықты деп санаған адамдарға алғысымызды білдіреміз.

Бюллетень «Орта Азия мемлекеттеріндегі құқықорғау білімі мен адам құқығын қорғау» жобасының аясында, Соғыс пен бейбітшілікті жариялау жөніндегі британдық институт арқылы жүзеге асырылып, Еуро Комиссияның қолдауымен басылды. Орта Азия мемлекеттеріндегі адам құқығын қорғау саласындағы қоғамның ақпаратпен қамтамасыз етуінің деңгейін көтеру жобаның негізгі мақсаттарының бірі болып есептеледі. Бүгінгі күні жоба Қырғызстандағы балалардың білімге қол жеткізу туралы сұрақтарын, Тәжікстандағы өз өзіне қол жұмсаушылықтың көбейіп кетуіне байланысты мәселелердің, Қазақстандағы сөз бостандығына қатысты мәселелерге қатысты диалогтық байланысқа қатысты сұрақтарды шешіп, қамтамасыз етіп отыр. Жобаның келесі бағыты үкіметтік емес ұйымның мүшелерін қоғаммен байланысқа, бұқаралық ақпарат құралдарымен қарым-қатынас құруға және адам құқығына қатысты халықаралық стандарттар мен сол саладағы ұлттық заңнама туралы журналистерге арналған тренингтер өткізеді. IWPR бүгінгі таңда Еуропада, Афганистанда, Иранда, Иракта, Сирияда, Филиппинде, Уганда, Солтүстік Африкада, Зимбабведе, Кавказда және Орта Азия мемлекеттерінде өз қызметін жүзеге асырып келеді. Орта Азиялық аймақта IWPR-дың сәтті қызметі 1999 жылдан бастау алған. Осы уақыт аралығында Институт мемлекеттік органдармен, үкіметтік емес ұйымдармен (ҰЕҰ) және медиа құрылымдармен конструктивті қарым-қатынас орнатты. IWPR алғашқылардың бірі болып жергілікті журналистермен қарым-қатынас құрып, оларға шетелдегі әріптестерімен байланыстарын дамытуға көмектесті.

Уақыт өте келе серіктестік тығыз қарым-қатынастар түріне айналды. Мұндай тәсіл жаңа байланыстардың кеңеюін, идеялардың, білімнің және машықтармен ал-

масуды қамтамасыз етті. Тілдік тосқауыл мен көзқарастардың әр түрлі болуына қарамастан, www.iwpr.net сайтында көптеген мақалалар жарық көруі, жемісті жұмыстың қорытындысы болып есептеледі. Осындай жұмыстың арқасында IWPR адам құқығына байланысты, демократия мен басқа да қақтығыс тудыратын тақырыптарды, сұрақтарды баяндауға қатысты едәуір үлесін қосты. Әр нөмірінде біз сіздерді жобаның қызметімен, Қазақстандағы, Қырғызстандағы, Тәжікстандағы және Өзбекстандағы адам құқығын бұзуға қатысты әр түрлі жағдайлармен таныстыруға, сонымен қатар, біздің аймақтағы мемлекеттердің шынайы жағдайын объективті түрде баяндауға тырысамыз.

**Долбоордун координатору
Айгуль Болотова**



ЖОБАНЫҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

03

«ШЕКАРАСЫЗ РЕПОРТЕРЛЕР»

05

ҚҰРАСТЫРҒАН СӨЗ
БОСТАНДЫҒЫНЫҢ ИНДЕКСІ

ҚЫРҒЫЗСТАННАН

06

ӨЗЕКТИ СҰХБАТ

ҚАЗАҚСТАН

06

Қазақстан мектептеріндегі мейірімсіздікпен күрес.

Құқыққорғаушылар мектептегі балалармен өзін өзі қалай ұстау керек екендігіне қатысты жан-жақты оқытуға шақырады.

Құл саудасы жайындағы мағлұматтар бұрмаланды

Сарапшылардың айтуы бойынша, ресми мәлімдемелерге қарағанда құл саудасының көлемі әлдеқайда жоғары.

ҚЫРҒЫЗСТАН

12

Ең үлкен тыйым – отбасындағы сексуалдық зорлық.

Отбасындағы сексуалдық зорлыққа толеранттық және өз құқығы туралы ақпараттың болмауы, әйелдерді қорғауда қиын істің құрбаны етеді.

Азапты қолдануға қатысты қатаң заңнамаға үміттену.

Егерде азапқа қарсы механизм жүзеге асырылса, оның үйлестіруші органы үкіметтен тәуелсіз болуы керек деп есептейді сарапшылар.

ТӘЖІКСТАН

17

Тәжікстандағы ерте некелесумен күрес.

Заң жобасына енгізілетін түзетулер Тәжікстандағы ерте некелесуге қатысты жағдайды өзгерте алмайды деп есептейді белсенділер.

Тәжік әскерлері минадан алған жарақаттары үшін өтем ақыларын алуға қатысты өз құқықтарын қорғауда.

Минадан азап шеккен бұрын әскерлер мемлекет оларды тағдыр тәлкегіне қалдырып кетті деп есептейді.

ӨЗБЕКСТАН

22

Өзбекстан: кішкентай балалардың мақта еңбегін түбімен жою мүмкін бе?

Өзбекстанның үкіметі құқыққорғаушылардың мүмкіндігін шектеуде.

Жиналыстар өткізу үшін, белсенділер заңды айналып өту амалын іздейді.

БІЗДІҢ ӨРІПТЕСТЕРІМІЗ

26

«Қазақстандағы жастар құқығының бұзылуы» дөңгелек үстел

8 шілде 2009 ж. Қазақстандағы жастар құқығының бұзылуына қатысты мәселелер Алматыда талқыланды, дөңгелек үстел «Жас кәсіпқойлардың қоғамы» атты республикалық қоғамдық бірлестікпен (РҚБ) біріге отырып өткізілді.

8 шілде 2009 ж. Қазақстандағы жастар құқығының бұзылуына қатысты мәселелер Алматыда талқыланды, дөңгелек үстел «Жас кәсіпқойлардың қоғамы» атты республикалық қоғамдық бірлестікпен (РҚБ) біріге отырып өткізілді.

Қазақстандағы жастар ұйымының өкілдері, Алматыдағы жоғары оқу орны студенттерінің комитеті, жастар саясатына қатысты сұрақтармен айналысатын сарапшылар және журналистер «Қазақстан жастарының кәсібилігін жоғарлату, жоғары білімнің сапасына қатысты процеске шешім қабылдауда ат салысу» жобасының аясындағы (РҚБ) «ЖКҚ» өткізген әлеуметтік зерттеулерінің қорытындысымен танысты.

Дөңгелек үстелге қатысқандар, зерттеудің қорытындысы көрсетіп тұрғандай, жастар, оның ішінде студенттер қазақстандық қоғамдағы жағдайды елестете алатынын көрсетті. Зерттеудің қорытындысына жүгінетін болсақ, жоғары деңгейдегі жемқорлыққа және Қазақстандағы жоғары оқу орындарындағы жүйеде кездесетін кемшіліктеріне қарамастан, сұраным жасаған адамдардың көбі Қазақстандағы жастар саясатына көзқарастарының оң екенін, өздерінің жоғары оқу орындарының әкімшілігін қолдайтынын білдірді.

Сонымен бірге, саясаттанушы, Ерлан Имергенов, білімге қол жетімділік және жастар құқығын қорғау бір – бірімен тығыз байланысты, бір жиынтық болып



есептеледі деп атап өтті. Жоғары оқу орнындағы білім сапасына қатысты мәселелер бар екенін және шешім қабылдау кезінде студенттер/жастар институтының дамымағанын сұраным қорытындысы бойынша анықталып отыр.

Дөңгелек үстелдің қорытынды бөлімінде, студенттерге қысым көрсетілген соңғы сайлау кезінде жасалған видео жазбалар көрсетілді. Сайлау кезіндегі студенттер құқығының бұзылуы, өткір мәселелердің бірі болып есептеледі және дөңгелек үстелге қатысушылардың арасында өткір пікір-талас тудырды.

Дөңгелек үстелдің қатысушылары, мұндай дөңгелек үстелдер жастар ұйымымен, БАҚ – ның жастар мен студенттерге қатысты мәселелері мен қызығушылық тудырып, жақсы қарым-қатынас құруға ықпал ететінін мойындады.

Барлық кездерде адам құқығының бұзылуы мектеп қабырғасынан басталады. Егерде ешқандай шешім қабылданса, онда жағдай күшейеді. Сол себепті бүгінгі таңда осындай іс-шара өткізу туралы шешім қабылдау өте әділетті. Өзектілігі көптеген жастар құқығының бұзылуына қатысты оқиғалармен дәлелденген. Сол себепті пайдасын 100 пайызға теңеп бағалаймын. Көптеген ата-аналар менімен келіседі деген ойдамын.

Дөңгелек үстелге қатысқандар



ТРЕНИНГТЕР

**Адам құқығы.
Халықаралық нормалар.
Ұлттық заңнама.**

IWPR Қазақстан мен Қырғызстанда Орта Азиядағы адам құқықтарына байланысты Жобаның аясында бірқатар тренингтер өткізді, олардың басты мақсаты аймақтық БАҚ мен құқыққорғаушылар қауымдастығының арасын байланыстыру болып табылады.

Бұл шаралар Қырғызстанның оңтүстігінде, Жала-абад қаласында, Бішкекте және Алматыда өткізілді.

IWPR Қазақстан мен Қырғызстанда Орта Азиядағы адам құқығы бойынша жоба аясында бірқатар тренингтер ұйымдастырды, мақсаты аймақтық БАҚ мен құқыққорғаушылар одағының арасындағы байланысты нығайту болып есептеледі. Іс-шаралар Қырғызстанның оңтүстігіндегі Джалал-Абад, Бішкекте және Қазақстанда Алматыда өткізілді.

Бішкекте өткізілген тренингтер үкіметтік мекемелермен әріптес болу үшін, қырғызстанның адам құқығына байланысты заңдарын халықаралық заңнамаға сәйкес етіп келтіру үшін, ҰЕҰ рөлін ұлғайту тақырыбына арналған.

Семинарда бүкіл республика бойынша ҰЕҰ өкілдері, сонымен қатар, Қырғызстан Республикасындағы денешынықтыру және спорт, жастар мәселесі бойынша және үкімет ішіндегі балаларды қорғау бойынша

мемлекеттік агенттікке қарасты балалардың құқығын қорғайтын департаменттің ресми өкілдері қатысты. адам құқығы мен заңдылықтың сақталуы бюросының Қарағандыдағы филиалының директоры, тренер Юрий Гусаков, семинарға үкіметтегі шенеуліктердің қатысуы өте маңызды болып есептеледі деп атап өтті.

Арнайы IWPR үшін жазып жүрген қазақ журналистері, Алматыда өткен тренингке қатысқан, ол тренингтің мақсаты журналистерге мақала жазу, адам құқығы туралы білімді жоғарлату болып есептелді. Қатысушылар адам құқығы саласындағы негізгі түсніктемелермен танысты. IWPR мұндай шараларды өткізуді алдына мақсат етіп қойып отыр, сонда адам құқығын қорғайтын ұйымдар қажетті материалдар, ақпараттар мен байланыстарды алып, жұмысында қолданатын тәжірибелермен алмасты.

Сонымен бірге, бұл ұйымдар қоғам қызығушылықтарын қолдауға қатысты жұмыстарында қоғамдық мониторинг жүргізуден тәжірибелік машықтар алады.

Біз кәсіби деңгейде, күнделікті тұрмыстық өмірде болсын адам құқықтарының бұзылуымен жолығып отырғандықтан, жаңадан қадам басып келе жатқан журналистер үшін, IWPR мен Еурокомиссияның «БАҚ арқылы Орта Азиядағы адам құқықтары мен құқықтық білімді қорғау» жобасының аясында жүзеге асырылған тренинг өте пайдалы болып есептеледі. Көріп отырған материалдар мен ойын сауықтар тренинг тақырыбының өзекті екенін түсінуге көмектеседі.

Тренингке қатысқандар.

Адам құқығы жайындағы тақырып біз өмір сүріп жатқан уқытқа қарамастан әрдайым өзекті болу керек. Адам құқығы – бұл қоғамның қызығушылығы, демек журналистердің қызығушылығы. Материалды жақсы қабылдау мақсатында тренинг кері байланыс ретінде өткізілді.

Тренингке қатысқандар.

БАЛАЛАРДЫҢ БІЛІМГЕ ҚОЛ ЖЕТІМДІГІ СЕРІКТЕСТІК ЖОБА АЯСЫНДА

«БАҚарқылы Орта Азиядағы адам құқықтары мен құқықтық білімді қорғау» жобасы, «Балалар құқығын қорғаушылар Лигасы» Қоғамдық қоры, Қырғызстан Республикасындағы денешынықтыру және спорт, жастар мәселесі бойынша және үкімет ішіндегі балаларды қорғау бойынша мемлекеттік агенттікке қарасты балалардың құқығын қорғайтын департаменті және ҚР Парламентінде балалардың білім алу саласындағы құқығын жүзеге асыру мен ҚР заңнамасының сақталуына байланысты уақытша комиссия құрылып, 2009 жылдың мамыр айынан 2010 жылдың қаңтар айына дейінгі аралықта «халықаралық және ұлттық стандарттарға сәйкес балалар құқығының сақталуындағы мектептердің шынайы келбеті» атты дөңгелек үстелдер өткізілуде.



Бұл іс шаралар республиканың барлық облыстарында өткізіледі. Балалардың мектепке қол жетімдігі саласындағы қазіргі мәселелер, олардың жалпы білім алатын ордадағы құқықтарының сақталуы дөңгелек үстелдердің негізгі мақсаттары. Бүгінгі таңда бұл қоғамда талқыға салынып жүрген ең өзекті мәселелердің бірі. Қырғызсан экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқық туралы, әр адамның білім алу құқығын мойындаған халықаралық пакті қабылданған мемлекет болып есептеледі. Сонымен қатар, мемлекет өкілетті орган ретінде бұл құқықтарды бастауыштағы білім арқылы, «барлық адамдар үшін міндетті және тегін» жүзеге асыруы керек. (п.а, 2 бөлім, 13 бап, ЭӘМҚХП).

Дөңгелек үстелдерде жалпыға ортақ қол жеткізуге болатын және тегін білім алу мәселелеріне қатысты: мектеп формасы, мек-

тепке барар алдында тасырылатын тестілер, оқудың төлем ақысы, салықтар, мектептегі рәкет, сонымен қатар жалпы білім алатын ордалардағы психологиялық және күш жұмсауға қатысты құқық бұзушылықтар қарастырылады.

Дөңгелек үстел кезіндегі жұмыстардың қорытындысын жасай келе ұйымдасушылар қатысушылармен бірігіп, комиссияның есебіне енгізілетін балалар құқығының білім алуда қол жетімділігіне байланысты арнайы мінездеме жасады.

Пікір таласқа парламентарии, мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдар, сонымен қатар оқушылар қатысады.

«Шекарасыз репортерлер» құрастырған баспасөз бостадығының индексі Орталық Азия мемлекеттері.

«Шекарасыз репортерлер» құрастырған баспасөз бостадығының индексі

Орталық Азия мемлекеттері

Тәжікстан

2009		113 ▼
2008		106 ▲
2007		115 ▲

Қырғызстан

2009		125 ▼
2008		112 ▼
2007		110 ▲

Қазақстан

2009		142 ▼
2008		125 =
2007		125 ▲

Өзбекстан

2009		160 ▲
2008		162 ▼
2007		160 ▲

Түркмәнстан

2009		173 ▼
2008		171 ▼
2007		167 =

UNICEF-тің келтірген мәліметтері бойынша Қырғызстанда 60 мың бала мектепте оқымайды. Сонымен бірге орта білім алу құқығы заңмен және ҚР Конституциясымен бекітілген. Депутат ЖК ҚР Сұлтаналиева Гүлжамал Тіленбайқызы, Кім және қалай балалар құқығына қысым жасап, болашақтарынан айырып отыр және бүгінгі таңда балалар құқығын қалай қорғауға болады. Жаппылама пайымдауларды шетке асырып, сұрақты нақты қою керек деп атап өтті.

2009 жылдың 25 маусымында балалардың білім алу құқығы саласында заңдылығы сақтауға қатысты парламентте уақытша депутаттық комиссия құрылды. Немен байланысты мұндай шешім қабылданды?

Асыл Осмоналиева, Бишкек ш.

– Депутаттар бірнеше рет ауызша да, жазбаша да ата-аналардан, қоғамдық бірлестік мүшелерінен, құқыққорғаушы ұйымдардан хаттар алған, ол жерде мектепте салық салу тәжірибесі бар екенін атап өтеді, ата-аналары қаржы төлей алмайтын балалар сабаққа жіберілмейді. Сонымен қатар, мектеп әкімшілігі балаларды қабылдауда жасанды шектеулер жасап, қажетті үлгерімі болмағаны үшін шығарылады. Біз мұндай мазалайтын белгілерге немқұрай қарай алмадық. 25 маусым күні білім алудағы балалар құқығы саласындағы ҚР заңнамасын сақтап, жүзеге асырылуына қатысты зерттеуге арналған уақытша депутаттық комиссия құрылды.

Жағдайды зерттеу барысында не анықталды, комиссия жұмысының қорытындысын жасай аласыз ба?

– Біз үлкен аудиторлық жұмысты атқардық, бірақ депутаттық комиссияның қорытындысы әлі жасалған жоқ. Менің ойымша, жақын арада жасалған жұмыстың қорытындысын жариялай аламыз. Аудит аясында комиссия ҚР

білім және ғылым министрлігіне барып, 2008-2009 жылдардағы оқушылар саны туралы ақпаратты сұрастырды, бірқатар талаптардың заңдылығын анықтады олар: ата-аналардың тұрақты тіркемелерінің бар болуы, мектепке қабылдар алдындағы міндетті тесілеуден өту, мектеп формасы, т.б.

Сайлаушылар мен депутаттарды қаржылай салық заңдылық мәселесіне қатысты қызығушылықтарын тудырғандықтан, комиссияның жұмысы негізінен мектептегі қаржылай-шаруашылық жағдайын зерттеуге басты көңіл бөлінді.



Сонымен қатар, біз аймақтық мектептердегі жағдайды зерттеудеміз.

IWPR/ЕК жобасының қаржылай қолдауымен адам құқығын қорғау облысында біз аймақтарға барамыз. Өкінішке қарай барлық мектептерді тексере алмаймыз, оған біздің күшіміз жетпейді. Бірақ міндетті түрде Чуй, Таласс және Нарын облыстарындағы мектептерінде аудит жүргізуді жоспарлап отырмыз.

Тек ұстаздар ұжымымен ғана әңгімелесіп қоймай, балаларға психологиялық қысым болмауы үшін, балалармен де сөйлесеміз. Жағдайды пайдалана отырып, ұстаздарды барынша ашық және адал болуға шақырамын,

көрсеткіш сабақтар өткізіп, әңгіме айтудың қажеті жоқ, біз нағыз келбетті көргіміз келеді, тек осылай ғана біз жағдайды жақсы жаққа қарай өзгерте аламыз.

Әр түрлі салықтар күмәнсіз балалардың білім алуда қол жетімділігін шектейді, ол ең іріншіден отбасындағы жағдайы нашар балаларға қатысты. Басты деген қандай басқа шектеулерді ерекшелей аласыз?

– Бұл әрине миграция. Сырттан келген балаларды мектепке қабылдамайды, өйткені оларды тұрақты тіркелген орындары жоқ.

Сол себепті, ұстаздар оларға мектеп оқулықтарын бермейді. Ақыры біз ата-аналардың әлеуметтік және экономикалық мүмкіндіктері жайлы әңгіме қозғағандықтан, онда мектеп формасы жайлы тақырыпты қозғамау мүмкін емес. Көптеген ата-аналардың киім саптып алуға мүмкіндіктері жоқ.

Тағы бір кедергі ол әкімшіліктің жасанды түрде келтіріп жүрген, баланың мектепке барар алдындағы тестілеуден өтуі, сонымен қатар, қажетті үлгерімі болмағаны үшін оқудан шығарылуы.

Бұл ата-аналар өз балаларын сол мектепте оқыту үшін бар күштерін салатын беделді мектептердің мінездемесіне сәйкес келеді.

Ата-аналардың ойынша тек таңдаулы мектеп-гимназияларда ғана сапалы білім алуға болады деген пікір қалыптасқан, бірақ әрдайым олай болмайды.

Бізге белгілі болғандай, таңдаулы мектепте оқу үшін алдын-ала мың доллар АҚШ төлеу керек. Бұл есен тандыратын дәйектер!

Кезінде мектептерге ақылы түрде қосымша оқу тәрбиесіне енгізіп, гуманитарлық немесе математикалық бағытта тереңірек оқытатындай, гимназия статусын алуға мүмкіндік берген. Бірақ аяғында қандай болатынын ешкім болжап айтқан жоқ.

Дәрежені пайдалана отырып әкімшілік білімнің сапасына не емес, қаржылай пайдасына көп көңіл бөледі деп айтқыңыз келіп отыр ма?

– Дәл осы салық тенденциясы жойылуы керек. Мұндай салық құбылыстары бос орыннан пайда болған жоқ. Қатты экономикалық төмендеулер, білім беру жүйесін аяқ астынан қаржыландырылуын қысқарту, мектеп директорларын ата-аналардың қаржылай көмегіне жүгінуге мәжбүрледі.

Совет Одағы кезінде салықтар болған жоқ деп айта алмаймын, бірақ ол кезде тек тиындар жайлы сөз болған. Қазіргі салықтар отбасының бюджетіне салмақ салып отыр. Қауіп бұл жерде жасырынып тұрған жоқ, ең үлкен қауіп бақылаусыз салық жинауда болып отыр. Бақылаусыздық және жазасыздық бүкіл мектептегі білім беру жүйесін жеп келеді. Қалай қатты естілмесе де, ұқсас құқық бұзушылықтарды жіберіп отырғандықтан, мектеп әкімшілігі жазалануы керек. Бірақ бізде жанжал туған жағдайда білім министрерін жұмысынан босатады. Министр мектеп директорларын тағайындамаса да болатын құбылыс, сонымен қатар ол ауыстыруға құқығы жоқ.

Кім өкілетті болып есептеледі?

– Жергілікті әкімшілік. Бірақ мектеп мәселесін түсіну үшін әкімшіліктің

уақыты және ынтасы бола ма? Білім мәселелері туралы әкімшілік біле ме? Қазіргі кезде біздің мектептер ыңғайсыз жағдайда тұр, сол себепті олар бір қалыпты емес дампы келеді. Бірақ мектептер мемлекеттің бөлшегі екенін біз түсінуіміз керек және олар өзіне ынталы назармен қарауды қажет етеді.

Ресми статистика бойынша біздің республикада 2,5 мың бала мектепке бармайды, ал ЮНИСЕФ-тің деректері бойынша 61,7 мың. Неге деректер арасында үлкен айырмашылық бар?

– Әлсіз есеп пен бақылаудың арқасында. Мысалы, бала алыс аймақта оқиды, кейін әке-шешесімен астанаға көшіп келеді, бірақ астанада тіркемесі болмағаны үшін, ол баланы мектепке қабылдамайды, мектепке қабылданатындай жарақаты жоқ, сонымен бірге, сол кездегі жағдайы оны ата-анасына көмектесіп жұмыс істеуге мәжбүрлеуі мүмкін.

Бірақ бала сабаққа барып жүрген оқушы ретінде ауылындағы мектебінде тіркеліп тұрады. Егерде тәуелсіздік алғалы халықтың үштен бір бөлігі көшіп келгенін және жарты миллион адам шетелге көшіп кеткенін ескеретін болсақ, бұл типтік және көп кездесетін мысал. Осы жерден сандар арасындағы өзгешелік шыққан. Ішкі және сыртқы қоныс аударушылардың балалары бұл ерекше категорияға жататын балалар. Дәл солардың білім жүйесінен «түсіп қалу» қаупі бар және бұл балаларға қатысты арнайы әдіс қажет.

Сіздің көзқарасыңыз бойынша жағдайды өзгерті үшін қандай шешім қабылдау керек?

– Біріншіден мәселенің бар екенін мойындау керек. Мемлекеттің президенті Құрманбек Бакиев бұл мәселенің бар екенін атап өткеніне қуандым. Ол мектептегі салық мәселесі, мектептегі рәкеттер бар екенін мәлімдеді, демек, біз бұл мәселелерді теріске шығармай, шығу жолдарын іздейміз дегенді білдіреді.

Бұл жерде қатты мен тәтті әдістемесін қолдану керек: мектеп директорларын құқық бұзушылықтары үшін орнынан алып және де ұстаздарға еңбек ақысын көтеру керек. Мүмкін бүкіл білім беру жүйесіне қатысты қаржыландыруды қайта қарастыру керек. Маған белгілі болғандай, бізде мектептерге арналған бірқалыпты қарыландыру бар. Бірақ кейбір мектептерде өлшемсіз салықтар бар, ал басқаларында жоқ. Егерде ата-аналар балаларының оқуын төлеуге дайын болса, таңдаулы мектептерге коммерциялық деген атау берудің мәні бар сияқты, бюджеттік орындарды қалдырып, ал сол мекемеге түскен қаржыны ауыл мектептеріне жіберсе ше?

Сол арқылы қаржылай мөлдірлікке жету ме?

– Иә, өйткені жеке меншік мектептерде ата-аналар қанша және не үшін төлеп отырғандарын біледі ғой, ал мектептердің өздері мемлекетке салық төлейді.

Мемлекетті мектептерге қарағанда, қаржылық мөлдірлік жағдайы оларда жақсы көрінеді. Әкімшілік қарай, біз совет одағы кезінде болған білім жүйесін, білім алу қағаз жүзінде емес, шынайы өмірде жалпыға ортақ қолжетерліктей болғанын бұзып алдық.

Бізде жоғары мінбелерге шығып тәуелсіз Қырғызстанның кәліметке толғандығы туралы айтқанды жақсы көреді. Осы жылдар аралығында білім жүйесінде не жасалды? Алғашқы тәуелсіздік алған жылдары туылған бала бүгін 17 жасқа толып отыр. Осы уақыт аралығында қандай тұлғаны тәрбиелеп шығардық? Қандай құндылықтарды оған әкелдік? Ол заманға сәйкес қоғамда бола ала ма және мемлекет ол үшін не істеді? Мен әзірше осы сұрақтардың жауабын білмеймін. Бірақ бұл сұрақтар жайлы ойлану керек, талдау жасап, шешім қабылдап, білім жүйесін жақсартуға арналған жаңа бағдарламалар енгізу керек. Бұл Қырғызстанның болашағы үшін қажет.



МЕКТЕПТЕРДЕГІ МЕЙІРІМСІЗДІКПЕН КҮРЕС

Құқыққорғаушылар мектептегі балалармен өзін өзі қалай ұстау керек екендігіне қатысты жан-жақты оқытуға шақырады.

Эльмира Габидуллина, Алматы қ.

Сарапшылардың айтуы бойынша, Қазақстандағы мемлекеттік мектептерде балалармен қатал сөйлесуден, соның ішінде ұстаздардың қаталдығынан қорғау үшін ешнәрсе жасалып жатқан жоқ. Жақында өзкізілген зерттеу барысында оқушылардан алған сұранымда олар ұстаздардың аңдуына шалдыққан. Мемлекеттік оңтүстігіндегі Шымкент қаласында сәуір айында екі жоғары сыныпта оқитын қыздар дәрі ішіп алу арқылы өз өздеріне қол жұмсамақшы болған. Оларды құтқарып алғаннан кейін, мұндай жағдайға оларды жеткізген екі ұстаз екенін айтқан. Оқушылардың айтуы бойынша, ұстаздар оларды ата-аналары мен басқа ұстаздың арасында қақтығыс туғаннан кейін іздеріне түсіп алғанын айтты. «Ұстаз барлығының көзінше мені және анама қатысты сөгіс сөздер айтты» – деп IWPR – ға қыздардың біреуі айтып берді.

– Өрдайым маған айқайлайды, әр түрлі қылып балағаттайды, одан қалса боқтайды, ал егерде мені мектеп қабырғасында кездестіріп қалса итеріп кетеді. Дәл осылай күнде қайталанайды».

– «Ұстаздар менен саяқымазақ жасап бүкіл

сыныптың көзінше мені кемсітіп отырады: сен жетімсің, әкесіз, саған ешкім көмектеспейді дейді.

Өрдайым масқарада өмір сүруден шаршадым, сол себепті өзімді өзім ұстай алмай қалдым», – деп айтты екінші қыз. Айыпталушы ұстаздар, ол тек қыздардың «қиялы ғана» деп айтты. Заңды тұлғалар бірлестігі, Қазақстандағы дағдарыс орталықтарының одағының егізгі міндеттері әйелдер мен балалар құқығының қорғауға қатысты қозғалысты дамыту, өткен жылдың соңында жасаған зерттеулері бойынша, сұрау жасалған жоғарғы сынып оқушыларының 12 пайызы, мектептерде күш көрсетілген қорлыққа шалдыққан. Оның 9 пайызы жоспарланған қорлыққа шалдыққан. Қазақстандағы балалар үйінің жүргізген зерттеулеріне сәйкес, балалар құқығы бұзылуының 65 пайызы мектептер мен жоғары оқу орындарында орын алған. Негізінде ол көбінесе күш жұмсаушылық, жеке тұлғаны балағаттау және мектеп қажеттілігіне қатысты салықтар салу. Бір



жағынан ол сыныптастарынан немесе жоғары сыныптағылардан қысым көрсетіледі, екінші жағынан ұстаздардан. Соңғы аталған жағдайлар бәсеңдеуде деп атап өтті ұстаздар.

Мектептердегі қоғамдық ұйымдар ассоциациясының Президенті Нина Косова мысал келтіреді, үшінші сыныпта оқитын оқушы мектепке келмей кеткен. «Біршама уақыт өткеннен кейін оның сынып жетекшісі балаларды ұратынын айтып, сол туралы айтуға қорыққанын жеткізді» – деп айтып берді Нина Косова. «Ұстаздан көрген зорлық көптеген қазақстандықтардың балалық шақтарының шынайылығы» – деп айтты өзінің атын жасырын қалдыруды сұраған, Алматыдағы жеке мектептің директоры.

– «Соңғы жылдары жалпы алғанда мемлекеттік оқу орындарының деңгейі төмендеп кеткендіктен, зорлық көрсету көбейіп кетті». Мемлекеттік секторда төмен жаалақы мен кәсіп онша бааланбайтыннан қоғамда «немқұрай төмендетуі» күшейіп келеді», – деп түсіндірді ол. Мемлекеттік мектептерге кездейсоқ балаларды қабылдайды деп есептейді ол, «оған өзіне қызық емес нәрсені



тыңдау керек екендігін түсіндіріп жатқаннан гөрі, оны қызықты етіп жеткізуге тырысып жатқанна гөрі, ұру оңай болады».

– Қазақстан 1994 жылы балалар құқығы туралы Конвенцияны қабылдаған. Сол арқылы үкімет басшылары балаларды әр түрлі кемсітушіліктерден, күш қолдану арқылы немесе психологиялық қысым жасаудан, күтімнің жоқтығынан немесе дәрекі үндеулерден, ата-аналар жағынан, заңды қамқоршыларынан немесе басқа да кәмілетке толмағандарға қамқорлық көрсетіп жүргендерден қанауға алынса, қорғауға қатысты түрлі шараларды қолдану туралы міндеттемелерді өздеріне алды. Балалардың құқығы туралы мемлекеттік заңқас нормаларды келтіреді, сарапшылардың ойынша, заңнама неғұрлым толық болуы керек. Дағдарыс орталықтары одағы басқармасының төрағасы, Зульфия Байсакова, былай деп айтты, заңнамалық базада, мысалға, «қатал қарау» туралы терминде жоқ деді. Қазақстандағы балалар құқығын қорғаудағы ҰЕҰ жұмысшылар тобының жоба үйлестірушісі, Роза Ақылбекова, оқушыға күш жұмсап, психологиялық қысым көрсететін ұстазды қалай мамандандырамыз, осы мәселе түсініксіз болып қалып отыр дейді. Қарағанды облысындағы балаларды қорғау департаментінің бас маманы, Наталья Королева, мемлекеттің заңнамасында нақты түсініктеме жасалмаған және «дұрыс емес тәрбие» деген сөздің басқа мағынасы жоқ.

– Сол уақытта үкімет балалар құқығының қорғалуын қадағалауды қамтамасыз етуге байланысты әсіресе, сәтсіз тәжірибеге шалдыққан балаларды қорғауға шаралар қолданды. 2007 жылда басталған және 2011 жылға дейін жалғасын табатын Балалардың өмірі жақсартуға қатысты арнайы бағдарламаның аясында мектеп штаттарына елеуметтік және психологиялық педагогикалық бағыттарды алып

жүру үшін жеті мыңға жуық психологтар, мың жарымдай полицейлік инспекторлар және жеті мыңнан жоғары тәрбие жұмысы бойынша мектеп директорларының орынбасарлары қабылданды. Инспекторлар ретінде білім жүйесіне мүлдем қатысы жоқ, ішкі істер министрлігінің полицейлері жұмысқа кірісті. Олардың мақсаты – мектептерді қауіпсіз ету, мекемеде болатын құқық бұзушылықтардан босату. Алматы қаласына қарасты ішкі істер департаментінің қоғамдық рет-



теу басқармасындағы кәмілетке толмағандармен жұмыс бөлімінің бас инспекторы, Майя Беласарова, бұл бағдарламаны жүзеге асыру үшін инспекторлар жетпей жатқанын айтты.

«Инспекторлар көп емес болғандықтан, олардың мүмкіндіктері шектеулі және бірнеше мектепке бірден қарауға мәжбүр», – дейді ол.

Инспектор Айман Бекхожинаның айтуынша, көп жағдайларда ата-аналар онымен сөйлесуге қорқатынын және құқықорғау органдарының алдындағы қорқыныштары үшін, толғандыратын сұрақтарын қоймайды. Оның пікірімен Беласарова келісетінін айтты. «Ата-аналар құ-

қықорғау органдарына амалсыз кезде келеді», – дейді ол. Кейбір ата-аналар өз тәжірибелерін атап өтеді, инспекторлар мен психологтар араласқанымен ешқандай мәселені шеше алмайтынын айтады. Алматыдан 10 жастағы оқушының анасы Юлия, мектеп әкімшілігіне ұстаздың атына, баласына қысым көрсеткені үшін арыз жазғанымен наразы болып отырғанын айтты. Мектеп басшылығы оған сынып жетекшісінің үлкен тәжірибесі бар екенін және одан түсініктеме алып сөйлесетінін айтты. Бұл Юлияға жеткіліксіз болды. «Мен кішкентай балаларға қол көтеретін ұстазды, ең болмағанда бастауыш сыныптарда сабақ беруден босатуды сұраймын», – дейді ол. Оның айтуы бойынша басқа ата-аналар мектеп әкімшілігімен ұрыспау үшін, бұл мәселеге мән бермеуге тырысып немесе балаларын басқа мектепке ауыстыруды шешкен. Роза Ақылбекованың ойынша, бұл мектеп басшыларының қалыпты реакциясы. «Қорытындысында түсініксіздіктерден және заңнамадағы ашық жерлердің арқасында тәжірибеде ұстаздардың заңсыздығы сақталады. Оларға мектеп әкімшілігі мен мемлекет, басқа да аудандағы білім бөлімшелері жақтасады» – дейді ол. Осы жылы Қазақстан мектептерінде құқық бұзушылықтарды анықтауға арналған жаңа жүйе енгізілді. Оқушылар арнайы қорапшаға зұлымдық немесе ұстаздардан, басқа да оқушылардан немесе отбасындағы мүшелерден қысым көрсетілген жағдайларда сипатталған жасырын жолдау жібере алады.



Құл саудасы жайлы мағлұматтар бұрмаланды

Сарапшылардың айтуы бойынша, құл саудасының көлемі ресми деректерде берілгеннен әлдеқайда көп.

Данияр Бахтағалиев, Алматы қ.

Қазақстанның ішкі істер министрлігі өткен жылғы 20 құл саудасына қатысты жағдай туралы хабарлаған, кейбір сарапшылар, бұл көрсеткіштер қатты төмендетілген деп айтты. Нақты ақпарат белгісіз. Жергілікті үкіметтік емес ұйымдардың хабарлауынша, өткен жылы, аз мөлшерде көршілес Өзбекстан, Қырғызстан және басқа да мемлекеттердің 100 азаматы Қазақстанда еңбек және сексуалдық пайдаланушылыққа шалдыққан. Бұл көрсеткіштерге тасымалданғандар мен мемлекет шекарасынан асып кеткен адамдар туралы мәліметтер көрсетілмеген. «Құл саудасы» деген термин жасырын түрде мемлекетке өтетін адамдарға қатысты қолданылады немесе болашақта оларды жұмысқа салу мақсатында, оларды тегін тасымалдау үшін, аумақтан өткізіледі. Мәжбүрлеу және жұмыс шарттары кейбір жағдайларда еріксіздікке немесе құлдыққа теңстіріледі. Демек, құл саудасы – бұл «адам-

дарды сату немесе «қоныс аударушыларды сату» сияқты емес, тасмалдау заңсыз әдістермен жүзеге асырылса, бірақ адам мемлекет шекарасында бола тұра, еркін бөлініп кетіп, жұмыс іздей берсе болады. Дағдарыс орталықтары одағы басқармасының төрағасы Зульфия Байсакова, ресми ақпараттың шыайы екеніне күмәндануда.

«ИМ мәліметтері тым аз. 16 миллион адамға теңестргенде 20 ғана жағдайдың болуы өте аз көрсеткіш, – дейді ол. Бұл сала аймақтағы табыс табудан үшінші көзі болып есептеледі [нашақорлықпен саудадан кейін және қопарылған ұйымдарды қаржыландырудан кейінгі] мұндай мағынасыз сандармен шектелуі мүмкін емес». АҚШ мемлекеттік департаментінің 2009 жылға арнап жасаған баяндамасында, есептік кезеңде 50 құл саудасының құрбандары ерекшеленген, бірақ бұл жағдайлар Қа-

зақстанның үкіметімен тіркелмеген. Қазақстанның ИМ криминалдық полиция комитеті төрағасының орынбасары, Бекет Аймағамбетовтың IWPR айтқаны бойынша, осы жылдың қаңтар мен наурыз айларының аралығында 13 ұқсас жағдайлар тіркелген. Олардың жетеуі құл аудасына қатысты, төртеуі кәмілетке толмағандармен байланысты; 2 дәйек жезөкшелікпен айналысумен қатысу, 2 пайдалану мақсатында ұрлаумен байланысты.

Мемлекеттік департаменттің есебінде, Қазақстандағы құл саудасы бірнеше үлгіде көрсетілгенін атап өтті. Өзбекстаннан, Тәжікстаннан және Қырғызстаннан еркектер, әйелдер және балалар, олда қалған Ресей және Бірікке Араб Әмірлігіне сексуалдық жұмыс істеу мақсатында немесе құрылыс оырндарында күшпен және ауылдық аймақтарда жұмыс істеу мақсатында шекара-

дан өтпейді. Көптеген Өзбекстан азаматтары Қазақстанға өз еріктерімен жезөкшелік саласында, малай ретінде немесе темекі, мақта егістіктерінде және ет сүт тағамдарын өндіретін жерлерде жұмыс істеуге келеді. Сонымен қатар, жезөкшелік саласына немесе басқа мәжбүрлеп жұмыс істетуге арналған құл саудасы мемлекет ішінде де бар. Қазақстанның әйелдері сексуалдық өнеркәсіп үшін, Қытайға және Туркияға жіберіледі. Қазақстан құл саудасы үшін қолайлы етіп саналуы, оның географиялық орналасуында – мемлекет басқа орта азия



мемлекеттерімен оңтүстігінде, Ресейд солтүстігінде шектеседі.

Қазақстанға адам саудасын алдын алу мен қиылысуна, әсіресе әйелдер мен балалардың саудасына, БҰҰ Конвенциясын толықтыратын трансұлттық ұйымдастырылған қылмысқа жаза қолдану туралы протоколды бекіту керек. Дегенмен пайдалану мақсатындағы құл саудасы мемлекеттегі Қылмыстық Кодекстің бірнеше баптарымен шектеу жасалған. 2006 жылы құл саудасы үшін жаза күшейтіліп, 15 жылға бас бостандығынан айыратын болды. Мемлекеттік департаменттің мәліметтері бойынша, 2008 жылы 44 полицейлік тергеудің қорытындысына сәйкес 30 арыз бекітілді, 2007 жылға қарағанда екі есе көп болған.

24 айыпталушы кінәлі деп мойындалды. Халықаралық қоныс аудару ұйымының берген бағасы бойынша, құл саудасына арналған адамдардың 70 пайызы, Қазақстан арқылы жеткізіледі. Басқалары үшін бұл мемлекет тасымалдаудың соңғы пункті болып есептеледі.

Он тасымалданғандардың сегізі әйелдер мен кәмәлетке толмағандар. Мемлекеттік депар-



таменттің баяндамасында айтуынша, Қазақстанның үкіметі «құл саудасына қатысты стандарттарды толыққанды сақтамайды, алдын ала қарастырылған халықаралық стандарттар олардың орындалуы үшін үлкен күш жігер салады». Күресуге арналған шаралар тергеу жүргізуді, сот ретімен ізіне түсу және адам саудасымен айналысатындарды айыпталушы деп тану, сонымен қатар қоғамды ақпаратпен қамтамасыз етуге арналған бағдарламаларды жақсарту. Құлсаудасына қатысты

қатаң бақылау орнату керек дейді Байсакова. «50 бәсекеге қабілеттілігі бар мемлекеттер қатарына және ДСҰ кіруге тырысып жүрген Қазақстан үшін бұл үлкен мәселе», – дейді ол. Қазақстан Республикасының ішкі істер Министрлігі құл саудасымен күрес жүргізіліп жатқанын, барлық қажетті механизмдер ұлттық жоспар мен Әділет министрлігіне қатысты үйлестіруші кеңес бар екенін айтты.

Төмен деңгейдегі ұлттық полиция мен Астана мен Алматыға қарасты департаменттер, мемлекеттің астанасы мен ең ірі қала құл саудасымен күрес жүргізетін, қаза болған адамдар хабарласа алатын тікелей байланыс бөлімдері ашылған. Байсакованың айтуы бойынша, полиция және басқа да сәйкес агенттіктер келіскен іс-әрекеттерді қажет деңгейде орындап жатқан жоқ және олардың штаттарының қажетті дайындықтары жоқ. «Үкіметтің құл саудасына қарсы әрекеттерін үйлестіруі тек қағаз жүзінде ғана жүргізіліп жатыр», – деп есептейді Байсакова. Сонымен қатар, осы іске қатысты басқа мемлекеттермен ешқандай байланыс жоқ, деп анықтады ол. «Шетелдегі біздің полицейлердің іс-әрекеті жайлы айтып отырмын. Оларды ол жақта елемейді», – дейді ол.

Қазақстандағы адам құқығын қорғау мен заңдылықты сақтау халықаралық бюросының қызметкері, Андрей Гришин мемлекетте адам саудасының мәселелерін шешетін кешенді тәсіл жоқ екенімен келісетінін айтты. Гришиннің айтуы бойынша, жақсартулар болған жалғыз сала, бұл басқа мемлекеттерге әйелдерді сату болып табылады. «Бұл сұрақтарға халықаралық ұйымдар қызығушылық тудырағаннан кейін Қазақстан айтылған сөздерге мән беруге тура келді», – деп айқындады ол.

ОТБАСЫНДАҒЫ СЕКСУАЛДЫҚ ЗОРЛЫҚ- ЕҢ ҮЛКЕН ТЫЙЫМ

Отбасындағы сексуалдық зорлыққа толеранттық және өз құқығы туралы ақпараттың болмауы, әйелдерді қорғауды қиын істің құрбаны етеді.

Евгения Ким, Бішкек қ.



Өгей әкесі Айдайды 16 жасында зорлаған.

Ол кезде ол ешкімге еш нәрсе айтпаған. Әкесі қорқытқаны үшін ол шешесіне айта алмады. Кейін Айдай күйеуге шығып кетті, бірақ өгей әкесі оның отбасы құруына қарсы болып, қыздық абыройын күйеуге шыққанға дейін жоғалтып алғанын, қырғызстанда бұл құбылыс әрі күнге дейін ұятты нәрсе болып есептеледі, жезөкшелікпен айналысқан деп өсек таратады. Айдайдың күйеуі барлығын айтып бергенде сенген болатын, бірақ туысқандарының қысымынан ажырасып кетеді. Сонымен қатар, қыздың анасы да «отбасын ұятқа қалдырғаны үшін» қарамай кетеді. Қазір Айдай 24 жаста, өз еркімен болмаған іс әрекет үшін қанша қиналғанын ұққан азап болып отыр. «Бізде заңдарды өзгертуін тілеймін. Бірақ қалай екенін білмеймін, деді ол IWPR – ға берген сұхбатында. – Көп жыл бұрын басымнан өткерген бұл масқара нәрсе, қазір

барлығын талқала отыр». Үй қабырғасында болған зорлық туралы ешкімге айтпау керек деген ой таңқаларлықтай жайт емес екенін ескере отырып, отбасындағы сексуалдық зорлық әрекеті әйел үшін ұят нәрсе, ол қылмыстық іс сияқты үкімет басшыларына хабарлайтындай, кейін сол іске тергеу жүргізілетіндей мәселе емес. Сарапшылар Қырғызстанға қатал заңнама қажет екені туралы Айдаймен толығымен келіседі.

Қоғамның хабардар болуын жоғарлату мақсатында және сексуалдық зорлықтың құрбаны қажетті қорғауға алынуына жету керек, осыған орай жаңа бағдарламалар енгізу қажет деп есептейді. Үй қабырғасындағы сексуалдық зорлық туралы нақты статистикалық мәліметтерді алу қиын, бірақ мәселе жайлы дағдарыс орталығына хабарласқан әйелдер саны кейбір жайттарды көрсетеді. Қырғызстанның дағдарыс орталық-

тарының мәліметтері бойынша бүкіл мемлекет бойынша 7300 әйел орталықтарға шағымданған; он жағдайдың сегізінде үй қабырғасындағы зорлыққа шалдыққан деп анықталған. Сол уақытта, «Сезім» дағдарыс орталығы өкілінің айтуы бойынша, оларға хабарласқан әйелдердің 23 пайызы зорлыққа шалдыққан. Ішкі істер министрлігінің өкілі отбасындағы зорлық туралы тіркелген оқиғалар саны өсіп келеді деп «статистика ешқашан толық сипаттама бермейтінін, [зорлық оқиғаларының] көп бөлігі белгісіз болып қалатынын» атап өтті. ІІМ өкілі сексуалдық зорлықтың көбеюін, жұмыссыздық деңгейінің жоғарлауымен, төмен отбасылық жағдаймен, ең соңғы факторлар алкогольды қолдану бәсеңдеуде. Көптеген қаза болған адамдар көмек ала алатындарын да білмейді, ал барлығын айтып беруге батылдары барғандар, милицияда түсініксіз жағдайда болып қалып, олардың өздеріне немқұрайлықпен қарауы мүмкін.

Абыройын сақтап қалу үшін өз отбастарында қуғынға ұшырауы мүмкін.

Өз атын ғана айтуға келіскен жас дәрігер Тимур, неге көп әйелдер үнсіз азап шегіп жүретінін түсінетінін жеткізді. «Кімге болмасын қатысы бар зорлық үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылған. Ал әйелдер көп жағдайда бұл туралы үндемейді, себебі көпшілікке жария бола ма деп қорқады – дейді ол. – Бізде өкінішке қарай мынандай ой таратылған, егерде әйел мұндай жағдайға түсіп қалса, «ол болған іске өзі кінәлі» деп есептейді».

«Сезім» орталығының психотерапевті былай деп түсіндіреді, отбасындағы сексуалдық зорлыққа деген қатынас түбінде қоғамдық қатынасқа қатысты бар, секс – бұл маскара мен ұятқа теңестірілетін тыйым салыну дегенді білдіреді. «Осы жақтағы отбасыларында секс жабық талқыланбайтын тақырып. Сол себепті әйел туған туыстарына болсын еш нәрсе айтпайды» – дейді ол. Зорлық пен басқа да күш жұмсалатын зорлық Қырғызстанның қылмыстық заңнамасымен жазаланады. Дегенмен, зорлыққа шалдыққан әйелдер көп жағдайда құқыққорғау органдарына шағымданбайды. Павлованың айтуы бойынша, әсіресе ауылдық аймақтарда тұратын әйелдер зорлық құрбандарын қорғауға арналған заң бар екенін де білмейді. «Олар заң бойынша зорлаушыға жаза қолданатынын білмейді», – дейді ол.

17 жасар Мээримді өзінен үш жас үлкен ағасы зорлаған. Ол маскүнемдік күйде болған. Сол кезде ол ата-анасына ешнәрсе айтпады, себебі ата-анасы немесе милиция бір нәрсе істей алатындарына сенбеді. «Құқыққорғаушы органдар, отбасылық зорлықты, оның ішінде әйел зорлығын

қылмыс деп есептемейді», – деп айтты Павлова. Зорлық құрбандары арыз жазғанның өзінде, кейін оны алып іс тоқтап қалады. Бишкектегі әйелдерді қолдау орталығының заңгері, Айжан Жуманалиева былай деп анықтап берді, милиция істі жүргізу керек пе, соны шешу үшін арыз түскеннен кейін бірнеше күн өтуі мүмкін. Құрбандардың басқа баратын жері болмаса, үйге қайтып келіп, зорлаушыға қарсылық білдіруге тура келеді. Дәл осы уақыттан күш жұмсау арқылы арызды қайта алуға мәжбүрлеуі мүмкін. «Осындай жағдайда қаза болған адам өзін кінәлі етіп сана-

тория Тянь, кейбір жағдайларда, іс қарастырылуға дейін барған кезде, жалпыға ортақ пікір білдіретін, отбасындағы зорлық қылмыстық заңнамаға кірмеуі керек деп, қаза болған адам соттың қысымына түсуі мүмкін. Сот арыз берушіні шақырып алып, өзінің балаларының қамын ойлап, арызды қайтарып алулары туралы айтқан жағдайлар да белгілі.

«[Олар] соңына дейін күтіп, татуласып алуға болады деп айтады», – дейді Тянь. Өзін Еленамын деп айтқан әйел, күйеуіне милицияға арызды бірнеше рет жаздым дейді. Өр кезде арыз-



мауы үшін, сондай сезімдерден құтқару керек. Өз өзіне келу үшін, оған зорлаушы адамнан алысырақ қауіпті жерде тұра тұрғаны дұрыс болады», – дейді Павлова. Жұманалиеваның пікірінше, іс қозғап, қажетті дәлелдер келтіру өте қиынға соғуы мүмкін. «– егерде ол көп уақыт бұрын болған зорлаушылық болса немесе психологиялық қысым болса, қылмысты дәлелдеу қиынға соғады немесе тіптен мүмкін емес. 99 пайызында [мұндай] арызды қабылдамайды.», – дейді ол. Сотта отбасындағы зорлықтан зардап шеккендердің атынан сөйлейтін психолог Вик-

ды алып қайтадан оралатынмын деді. Ол отбасын құрғалы бері сексуалдық зорлық пен соққы шалдығып отырған, Елена былай дейді: «Мен оны отырғызып тастағанын қаламаймын. Ол жұмыс істеп отбасын бағып отыр. Ал мен ақша таба алмаймын». Қазір Елена жағдайдан шығу амалын іздестіруде. Ол бірнеше уақытқа дағдарыс орталығында қалғысы келеді; Оның естуі бойынша, орталықта азпазшы, тігінші немесе шаштараз мамандықтары бойынша курстан өтуге ықпал етеді.

«Мен де сол жерге барып күйеуімен тәуелді болғым кел-

мейді. Сол кезде менде одан кетіп қалуға мүмкіндік туады», – дейді ол. Әйелдердің дағдарыс орталықтарының оншақтысы мемлекеттің астанасы Бишкек қаласында орналасқан және бүкіл мемлекет бойынша бөлімшелері бар, ол жерлерде кеңестер және



зандық тұрғыдан кеңестер беріп, кейбіреулерінде сол жерде тұруға мүмкіндік



туғызады. Мээрим баратын жері болмаған кейін дағдарыс орталығына келгендердің бірі. «Зардап шеккен әйелдерде осындай орталықтар туралы хабары көп болса деген ойдамын. Менің жолым болып кетті, бұл орталық туралы мен құрбымнан естідім, бірақ көбі бұл орталықтар туралы ешнәрсе білмейді ғой», – дейді ол. «Шанс» дағдарыс орталығының басшысы, Александра Елифеленко айтуынша, ұйымдар өз еріктерімен мәселемен күресе алмайды, сол себепті ҰЕҰ мен құқықорғаушы органдар бірге жұмыс істеп, қоғамның ақпаратпен қамтамасыз болуы үшін жиналыстар өткізіп, бір мезгілде отбасындағы сексуалдық зорлыққа қатысты толеранттықтың деңгейін төмендету керек деді. «Заңдар мен әйелдердің құқықтары жария және түсінікті болу керек. Ең бастысы қоғамдық деңгейде оның қабылдануы болып есептеледі», – дейді ол. Әйелдерді көбірек ақпаратпен қамтамасыз ете отырып, Павлованың ойынша, зорлаушыларға айналатын ерлерді тәрбиелеу

мақсатында жұмысты іске асыру керек. «Осы уақытқа дейін барлық жұмыс сексуалдық зорлыққа шалдыққандармен жүргізіліп отырған. Дегенмен, осы жылдан бастап ҰЕҰ зорлықтың айыпталушыларына арналған оқу бағдарламасын жүзеге асыруда, – дейді ол. – Отбасындағы зорлықсыз өмір сүруге қатысты бағдарлама бар. Бағдарламаға зорлаушының мінез-құлқын талдау және ортақ балама мінез-құлқты өңдеу жатады». Кейбір мемлекеттерде зорлаушыны арнайы бағдарламаларға мәжүрлеп қатыстыруға болатыны туралы қосымша айтып өтті. Тянның ерекшелігінше, отбасындағы сексуалдық зорлық болашақта психологиялық мәселелермен жалғасуы мүмкін деді. «Егерде қыздар зорлаған адамдарын кешіріп, өмір бойы үндемей жүрсе де, зақым бәрі бір қалады, – дейді психолог. – Бұл үлкен есенгіреушілік, оны ұмытқын келген сайын, болашақта өмірде одан да өткір болып келеді». Мұндай жағдайды басынан өткерген Айдай, осыдан сегіз жыл бұрын қажетті іс-әрекеттерді істемегеніне өкінеді.

«Менің сол кезде барлығын айтып беруге батылым жетпегеніне өкінем. Енді еш нәрсені дәлелдей алмайсың», – деп қосты ол.

Азапты қолдануға қатысты қатаң заңнамаға үміттену

Қамауға алынғандарға қатысты азапты қолданушылық туралы әрекет ететін механизмдері істі аяқтауға көмектеседі деп Қырғызстанның құқық-қорғаушылары үміттеніп отыр. Қамауға алынғандармен дұрыс емес қарым-қатынас жүргізу тараған қалыпты құбылыс, әсіресе іс енді қарастырып жатқан кезде көрінеді, құқыққорғаушы органдардың қызметкерлері шындықтарын айтқызуға және сол арқылы істі ашуға тырысады. Осы соңғы үш жыл ішінде Қазақстан мен Тәжікстанның және Қырғызстанның үкіметтік емес ұйымдарын бітіктіруші азапқа қарсы Коалиция дәлелденбеген ақпаратпен азап қолданған 83 жағдайды анықтады. Олардың ішінде бір жылда тіркелген 59 жағдай, 2008 жылы сәуір айында аяқталған, 53 УҚҰ (Уақытша қамауда ұстау) орындарында болған. Омбудсмен Институтындағы азаптың алдын-алу бөлімінің жетекшісі Икрам Мамешовтың ойынша, бұл кішірейтіліп көрсетілген сандар деп есептейді. «Анықталмаған жағдайлар біршама көп», – дейді ол, мәселе аудандық ішкі істер бөлімінде қарастырылуда. «Оперативті іздеу жұмыстары басталған уақыт және қылмыстық іс қозғалғанға дейінгі кезең ең қауіпті болып есептеледі, – дейді Мамешов. – Дәл осы уақытта ұсталған адамға қатысты азапты қолдануы мүмкін». Мұндай заң бұзушылықтар кең тараған жай құбылыс деген пікірлер бар. «Милицияда [менің] ағамды кінәні өз басына алмағанша ұрып – соққан – деді тегін айтқысы келмеген Вале-

Егерде азапқа қарсы механизм жүзеге асырылса, оның үйлестіруші органы үкіметтен тәуелсіз болуы керек деп есептейді сарапшылар.

Саида Абдразакова, Бішкек қ.

рий IWPR – ға берген сұхбатында. Оның ағасы жасамаған қылмыс үшін жазаны өтеп отырғаны туралы айтты.

– Азапты қолдану арқылы, адамның басына кез келген істі «асып қоюға» болады». «Қылмыскрлер пара беріп құтылып, бостандықта еркін жүргенін барлығы біледі, қылмыстардың ашудың жақсы статистикасын келтіру үшін, қылмысты жасаған адамды біреу көзімен көру керек», – дейді Валерий. Мамешовтың ерекшелігінше: «азапты дәлелдеу қиындықты тудырады, себебі милиция қызметкерлері алынған жарақаттар қарсы күш көрсеткені үшін пайда болан немесе түрмеде жанында отырғандар ұрып тастағандеп айтуы мүмкін». Кәсіби этиканы қатаң бұзумен бірге азапты қолданудағы мақсаты, ұсталған адамды күштеп жауап бергізуі, милицияның басқа тәсілдер арқылы дәлелдер жинай алмай-тынын көрсетеді.

«Бүгінгі таңда ДНК бойынша көптеген теңестірулер пайда болған, бірақ бізде республикада мұндай құрал-жабдықтар жоқ, – дейді Мамешов. – ДНК талдауын жасау үшін, көршілес Қазақстанға

бару керек. Талдауды жүргізу үшін оның кінәлі емес екенін дәлелдеу мақсатында, айыпталушының туыстары төлеуге тура келеді». ИИМ – милиция қызметкерлері бағынатын мекеменің баспасөз орталығының жетекшісі Бақыт Сейтов, IWPR – ға берген сұхбатында, Қырғызстан тәуелсіздік алған уақыттан бастап, милиция зорлық тәсілдер арқылы мойындату туралы бір де бір жағдайды естіген емес. Басында айыптылар Ішкі істер министрлігіне қарасты милицияның қарауында болады. Кейін тексеру барысында сотқа дейін ТИ – де (тергеу изолято-



ры) орналастырылады. Аталған институт, түрмелер сияқты ИИМ қарасты болады. Әділет Министрлігінің жазаны өтеу бас басқармасының тәрбиелеу және айыпталғандарды құқықтық жағынан қорғау бөлімінің бастығы Табыш Мукаев азаптың қолдануын теріске шығарады. Ол IWPR-ға осы жылдың ақпан айында пенитенциарлық мекемелерге жүргізілген тексерулердің қорытындысы бойынша «біздің мекемеде азапты қолдану жоқ екенін сеніммен айта аламын» деп мәлімдеді. Мукаев, соңғы жылдары Қырғызстанның пенитенциарлық жүйесінде үлкен өзгерістер болды, қазір ЖӨББ азаматтық қоғаммен жұмыс істеуге дайын. Егерде бұрын тексеру жүргізу жылына бір рет болса, «қазір біз әрбір айыпталушының құқықтарының бұзылуына қатысты арыздарына көңіл аударуымыз керек. Сонымен қатар, азаптың қолданылуы туралы тек айыпталушылар ғана емес, адвокаттар және туыстары арыздана алады». Дегенмен, милиция жұмысы және барлық пенитенциарлық жүйе қоғам үшін жабық болып қалады. Қырғызстандағы «Бостандық дауысы» қоғамдық қорының үйлестірушісі Эрнс Жапаров, ҮЕҰ қол жеткізуге болатындай, заңнамалық механизм жоқ, сол себепті түрмелерге бару туралы барлық ҮЕҰ сұранысы көп жағдайда еленбейді. Өткен жылы жасалған Халықаралық келісімнен кейін Қырғызстанда

барлығы өзгеріске ұшырайды деп үміттеніп отыр заңгерлер. 1996 жылдан бастап Қырғызстан азапқа және басқа да қатал, адамгершіліксіз немесе намысқа тиетін қимылдарға қарсы БҰҰ Конвенциясының мүшесі болып табылады. Сонымен қатар, 2009 жылдың ақпан айында Қырғызстан құжатқа қосымша факультативтік протоколды бекітіп, қосымша міндеттерді өзіне алды. «тәуелсіз халықаралық және ұлттық құрылымдармен қамау орындарына жиі барып тұратын жүйені құру» туралы қосымша протокол қажет. Қырғызстанның түрмесіне шетелден келген тексеруші топтардан бөлек, жергілікті ҮЕҰ-ның өкілдеріне пенитенциарлық мекемелер мен шағымданған заң бұзушылықтар және мәселелерді шешу мақсатында алдын ала ұстау мекемелеріне баруға рұқсат беріледі деп Қырғызстанның белсенділері үміттеніп отыр. «Превентивті механизмнің құрылуының арқасында азаматтық қоғамның өкілдері жабық мекемелерге кедергісіз кіре алады», дейді Жапаров. – Бұл құбылыс өз ретінде құқыққорғаушы органдардағы қызметкерлердің жауапкершілік деңгейін арттырып, кәсібиліктерін жоғарлатады». Аталған механизм қандай түрде жұмыс істейтіні әлі де талқыға салынууда; азап бойынша ұлттық комиссия құрылып немесе «омбудсмен плюс» атты үлгі құрылуы мүмкін. Соңғы ойға сәйкес айтатын болсақ, омбудсмен аймақтық

мониторинг топтарымен бірігіп жұмыс істейді, олардың іс-әрекеттерін азап бойынша мониторинг орталығы үйлестіріп отырады. Қырғызстандағы омбудсменнің кеңсесі мемлекеттік бюджетпен қаржыландырылады, ол өзінің тәуелсіз, өз дауысы бар ұйым екенін дәлелдеді. Мысалы, ақпан айында омбудсмен милицияның ұсталғандардың құқығын бұзуларына қатысты және оларды мойындату үшін күш қолданғаны туралы қуғынды сипаттаған сыни есеп дайындаған. «Азаматтар жемқорлыққа қарсы» ҚБ жетекшісі Толекан Исмаилова, Қырғызстанның поляризацияланған саяси ортасында азап сияқты сұрақтар дұрыс құрастырылу керек деп есептейді. Оның айтуынша, бұл механизм бейтарап болған жағдайда, сонымен қатар, оның іске асуына үкімет пен президент Құрманбек Бакиев қызығушылық тудырған жағдайда жұмыс істейді. «азаптың алдын алу институты мемлекеттен тәуелсіз болғаны дұрыс және оған қарамастан мемлекеттің жауына айналмауы керек», – деп атап өтті. Мамешов оптимисттік көңіл күйде қарастыруда, оның ойынша, қоғамның атынан бақылаудың бәсеңдеуі, тамаша нәрселер істеуі мүмкін. «Егер тергеушілер олардың қимылдарын азаматтық қоғам бақылап жүргенін білсе, олар заңсыз заңды бұза алмайды», – деп есептейді Икрам Мамешов.

ТӘЖҮКСТАНДАҒЫ ЕРТЕ НЕКЕЛЕСУМЕН КҮРЕС

Заң жобасына енгізулетун түзетулер Тәжүкстандағы ерте некелесуге қатысты жағдайды өзгерте алмайды деп есептейдү белсендүлер.

Аслибегим Манзаршоева
Душанбе қ.

16 жастан неке құру тенденциясы қыздарды білім алу мүмкіндігінен айырып, олардың денсаулығына қатер төндіреді және отбасындағы зорлыққа жетелейді дейді құқыққорғаушылар мен дәрігерлер. Құқыққорғаушылар үкіметтің отбасы Кодексін, 17-18 жастан асқаннан кейін неке құру керек деген өзгертулер енгізу туралы шешімін қолдады. Ұсынысты «әйелдермен отбасы комитеті мемлекеттің президенті Эмомали Рахмонға жіберді. Егерде президент бұл бастаманы қолдаса құжат парламентке жіберіледі. Берілген ұсыныс екі жылғы еңбектің қорытындысы, мұны

үкіметтік емес ұйымдар бастап, БҰҰ қолдау тапқан. ҮЕҰ пікірінше, мұндай түзетулерді бұрыннан қабылдау керек еді. Сонымен бірге құқыққорғаушылар жаңа заңнама өз еркімен еш нәрсені шеше алмайды деп есептейді. Заңды күшейту үшін механизм қажет болады, ол ерте некелесуді санын қысқарту мен әйелдерге олардың құқықтары туралы ақпаратпен қамтуды жоғарлатуға бағытталады. Ұсынылған түзету Азаматтық кодекстің ережелерін өзгертпейді, осыған сәйкес жергілікті билік «ерекше жағдайларда» рұқсат етілген жасқа жеткен азаматтар арасында неке құруды рұқсат етеді. Белсенділердің пікірінше, берілген шектеу нағыз ереже болды. Университеттік білімі бар әйелдер ассоциациясы директорыны, Гульджахон Босадыкованың пікірінше, «дәл осы шектеу жасайтын жағдай» топ қыздарды күйеуге беру кезінде қолданылады».

Тәжікстанның статистика агенттігінің екі жыл бұрын өткізген қорытындысы бойынша, халықтың өмір сүру деңгейін соңғы зерттеуіне сәйкес, 9 пайызға жуық 15 пен 19 жас аралығындағы қыздар күйеуге шығып алған. Душанбенің неке сарайынан алған ақпаратқа сәйкес, алғашқы жарты жыл

дықта 16 жаста некелескен, 9 жұп тіркелген және әйелдері 17 жастағы 117жұп тіркелген. Астанадағы неке үйінің директоры, Барно Насимова бұл некелер заңға сәйкес тіркелген деп айтты. «Тоғыз жұп соттың шешімі бойынша тіркелген. Себептері не олар бірін бірі жақсы көргендіктен [Ережеден ерекше] қарым қатынастарын заңды еткісі келеді немесе қыз[қалыңдық] жетім немесе басқада себептер болды», – деп айтты Насимова. Құқыққорғаушылар да, дәрігерлер де ерте некелесу болашақта үлкен мәселелер тудырады дейді. Ерте екі қабат болу денсаулыққа ауырлық тудырады және сонымен қатар олардың тұлға ретінде дамуға және білім алу мүмкіндігі болмайды. Сонымен бірге мұндай әйелдер отбасынындағы зорлыққа шалдығуы мүмкін. Репродуктивті денсаулық орталығының директоры Гульджахон Туманованың айтуы бойынша, «қыз 16-17 жаста күйеуге шыға отырып, ол әйел болуға, екі қабат болуға, ана болуға психологиялық тұрғыдан дайын емес, бірақ тұрнеқарасан дамыған дайын сияқты көрінеді». Тәжікстанда 70 пайыз әйелдер қанның аздығы ауруына шалдыққан және олардың көп бөлігі жас әйелдер. Дәрігерлердің айтуынша, ерте екі қабат болудың салдарынан түсік болуы мүмкін немесе бала дамымаған болады. Тумановның сөзінше, 20 жастағы әйелдер білімі жоқ немесе ешқандай өмірлік тәжірибесі жоқтығына қарамастан, екі үш баланың анасы болып отырады. Мұндай әйелдер бала тәрбиелеудегі қиындықтарға төзімсіз болып келеді. «Панорама» қоғамдық қорының төрағасы, Татьяна Бозрикова, ерте күйеуге шыққа



қыздар толық білім ала алмайды деп атап өтті. «Егерде мұндай некелесулердің әлеуметтік жалғасы туралы айтатын болсақ, ең біріншіден ол қыздардың мектепті тастап кетуіне әкеледі», – деп айтты Бозрикова. Мұны мектептегі қыздар мен ұлдар санының ара қатынасына қарап байқаса болады: «Егерде бастауыш сыныптарда қыздар мен ұлдардың саны тең болса, 10-11 сыныптарда қыздар тек 38 пайызды құрайды, ал егер осы пайызды әр аймақ бойынша бөлек алатын болсақ бұдан да төмен пайыз болады». Әйелдер мен отбасы бойынша жұмыс комитетінің бірінші орынбасары, Киматгүл Әлімбердиева, Бозриковамен келіседі, заңның «ерекше жағдайлар» пунктін теріс пайдалану дегеніміз, қыздар білім ала алмайды дегенді білдіреді. «17 жасар қыз партада отырады, сабақ оқиды, бірақ оны бұл кезде күйеуге беріп жатады. Міне қай жерде мәселе жасырынып тұр», – дейді Әлімбердиева. Бобосадықованың айтуынша, мектепті бітіру – бұл қыздың әлеуметтік статусын көтеретін алғашқы қадамы. «Жаңа өмірге қадам басу үшін, қызда[білім алу] өзіндік экономикалық негізі болу керек», – дейді ол. Гендерлік зерттеу орталығының директоры, Мариям Давлетова білімнің болмауы, үлкен мәселе болып есептеледі, себебі кейбір кезде қалыңдық 15 жаста болып шығады. Оның пікірінше, мұндай қыздардың категориясы отбасындағы зорлыққа көп шалдығады. Кейбіреулері әрең оқып жаза алады. «Қандай құқық туралы ол білуі мүмкін? Бір нәрсені қорғау үшін, ең алдымен оның не екенін біліп алу керек. Ал дәл осы отбасындағы зорлыққа арнағана шикізат болып табылады», – деп айтты Давлатова. Душанбеден 90 км жерде орналасқан, Құрған – Төбе қаласындағы 20 жастағы Фируза, екі рет күйеуге шыққан; бірінші рет 15 жасар кезінде ата-анасы күйеуге мәжбүрлеп шығарған. Ең бірінші рет ол күйеуін тойда көрген. Оған жаңа отбасындағы қалыпқа үйрену

қиынға соқтырды. Енесі Фирузаның басқа аймақта тәрбиеленіп, оған «сен» деп сөйлейтіні ұнамайтын. Бұл сыйламаушылықтың белгісі ретінде бағаланатын. Фирузаның күйеуі оны жақсы көріп қалды, бірақ шешесінің қысымының арқасында оны үш айлық бала көтеріп жүрген кезінде тастап кеткен. Баласыз қайтадан күйеуге шығуға көбірек мүмкіндік болады деп айтқан әпкесінің ақылы бойынша баланы алдыртып тастады. Фируза баланы жоғалтып алғанымен келісе алмай жүйке жүйесі бұзылып, ауруханаға түседі. Көп уақыт өтпей ата-анасының үйіне қайтып келгеннен кейін, Фируза өзінің ауылдағы балаға тұрмысқа шықты. Бұл неке де көпке созылмады, Фируза екінші рет 19 жасында ажырасып кетті. Достарының күйеуден келген әйелді алдың деген мазақтарына шыдай алмай оны күйеуі тастап кетеді. Балалары жоқ және екінші рет ажырасып кеткеннен кейін Фируза тағы бір рет жүйке жүйесіне әсер етіп, қазір ата-анасымен бірге, дәрігерлердің қарауында. Тәжікстан үшін, ерте некелесу дәстүр секілді, дегенмен белгілі уақытта, азаматтық соғыс жылдарын қосқанда, 1992-1997 жылдары бұл тәжірибе кеңірек тараған болатын. Соғыс кезінде ата – аналары мәжбүрлеп, тәртіпсіздік кезінде зорлыққа ұшырамасын деген оймен қыздарын ерте күйеуге беретін, сол кезде қыздар санының өсуі ерекшеленген. Ондай жағдайда отбасына қара түсіп, ал қыз үшін некелесуге үміт аз болатын еді. Соғыс кезінде Жумагүл кәмілетке толмаған жас қыз болатын. Ата – анасы оңтүстіктегі Хатлонск облысының Бохтарск ауданынан Душанбеге келген оралмандар болатын. Олар қыздарын 16 жасар кезінде күйеу таңдап, беріп жібереді. Жумагүл дәстүр бойынша күйеуін алғашқы рет тойда көреді. Ол ұнамай қалады. Басында екеуі күнде ұрысатын, ал кейін күйеуі оны ұра бастады. Ал күйеуінің туысқандарына ол ауылдың қызы болғаны үшін ұнамады. «Енем-



мен күйеуімнің әпкесі маған өмір сүруге мүмкіндік бермейтін. Ылғи да мені мазақтап, сен қоқыстансың, еш нәрсе білмейсің деп айтатын», – деп айтып берді ол. Оның отбасынан қолдау аз болатын. «ата-анам шыда барлығы жақсы болады дейтін. Төрт жыл сол тозақта өмір сүрдім», – дейді Жумагүл. Жумагүл күйеуімен ажырасып ата-анасының үйіне келген кезінде, бауырлары сен біздің отбасы үшін масылсың деген. Қыздың болашағы бұлтты. «Ата-анам тірі кезінде олар маған еш нәрсе істей алмайды, ал егер болмай қалса, бауырым мені үйден ұуып шығады», – дейді ол. «Кейбір кезде өз өзіме қол жұмсасам ба деген ой келеді, тек балам ғана мені ұстап тұр», – дейді қыз. Ерте некелесудің мәселесі ұлғайып кетті, 20 жастағы қыздар кәрі қыз атанды. Ата-аналары ерте тұрмысқа шығуға мәжбүрлегендіктен, қыздардың көбі мектеп бітіре алмай қалады. Әдетте мектепті 18 жаста бітіреді. Жағдай ерлердің аз болғаны үшін бәсеңдеп кетті, бұған себеп жұмысқа жарамды жігіттердің барлығы шекарадан асып жұмыс іздеп кетеді. 1,5 миллионға жуық сырттан келгендер Ресей мен Қазақстанда

жұмыс істеп жүр. «Бүгінде іс қимыл түсініксіздіке дейін апарады. Мемлекеттің көптеген аудандарындағы жиырма жасар қыздар тым өсіп кеткендер болып есептеледі, ата – аналары үйге бірінші келген адамға беруге дайын отырады, «кәрі қыз» болып қалғаннан дұрыс деп санайды», – дейді Әлімбердиева. Тәжікстанның оңтүстігіндегі Восейск ауданының, Садриддинашон ауылының өзін Саади деп атаған тұрғыны, IWPR-ға мектепті бітіргеннен кейін екі жыл ішінде қыз тұрмыс құрмаса, «кәрі қыз» атанатынын айтты. «Осы жылы 1990-1991 жылғы қыздарды күйеуге беріп жатыр. Ауылда кәрі қыздар көп, ажырасып келгендер одан да көп. Ерлер жоқ, олардың барлығы Ресейде үйленеді», – дейді ол. Құқыққорғаушылар статистика тек ресми тіркелген некелерді ғана көрсетеді дейді. Бұл нағыз сипатты бұзады, өйткені кейбір қыздар діни салттар бойынша тұрмысқа шығады. Республика халқының көп бөлігі мұсылман сунниттер, молданың қатысымен оларға «никох» деген құбылыс арқылы неке қию дәстүр болып есептеледі. Екі жыл бұрын билік мәселені шешу үшін, рухан тұлғаларға азаматтық тіркеусіз неке қиюға тиым салу туралы заң шығарған. Заңның қабылдануынан тіркелмеген некелердің саны азайды мұнда да өзіндік оң тұстары болды, оны орындау үшін көп нәрсе істеу керек, дейді

белсенділер. Давлатова, заң бұзылған жағдайда құқыққорғаушыларға жеткізетін механизмдер жоқ деп атап өтті. Бұл туралы қыздардың өздері хабарламау керек, дейді ол. Ерте некелесу Насимованың айтуынша, мемлекеттегі ажырасулардың санын көбейтуде, себебі, көптеген жұптар неке құру үшін әлі дамымаған. «Біздің неке үйімізде 2009 жылдың бірінші жарты жылдығында 441 некелерін бұзған. Өткен жылғы осы уақытта ажырасушылар саны 420 жұп болған», – дейді ол. Белсенділер мен сарапшылардың ерте некелесу мәселесін шешуге болады деген ойлары бір жерден шықты, бірақ күресті жан-жақты бастау керек дейді. Қолайлы заңнама, әйелдерді олардың құқықтары жайлы хабардар ету, сонымен қатар мектепті бітіріп алу мүмкіндігі, міне осылар қатысушылардың ойынша, қыздардың өмірін жақсартуға мүмкіндік береді. Бозрикованың пікірінше, «жиынтыққа стереотиптермен, әйелдермен, ерлермен, ата-аналармен жұмыс істеуді енгізу керек». Бобосадықова, ерте некелесі туралы заңда ерекше жағдайларды, бұл сөйлемді теріс пайдалануының және оны дұрыс емес талқылауының алдын алу үшін, нақты белгілеу керек. Тәжікстанның заңгер әйелдер Лигасының атқарушы директоры Зебо Шарифова әйелдердің

құқықтық білім деңгейін көтермегенінше, мәселе шешілмейді деді. Ол әсіресе ауылдық аймақтар үшін маңызды. «Ерте



некелесулерді біз көп жағдайда жеке аймақтарда кездестіреміз. Жеке аудандарда өз құқықтарын білетін әйелдер жалпы адамдар аз», – дейді ол. «Олар отбасылық заңнама деген не, азаматтық қарым – қатынас деген не екенін білмейді, сол себепті олар өз қыздарын әйелдері бар жас ерлерге береді» – деп қосты Шарифова. Бозрикова, көп нәрсе заңның сақталуына байланысты. Некелесуге мәжбүрлеген немесе кәмілетке толмағандарды білім алуға кедергі жасайтындар жауапкершілікке тартылатын азаматтар аз кездеседі. Оның ойынша, некеге тұру жасын ұлғайту арқылы, ерте некелесу тәжірибесін жоюға болмайды. Түзетулер енгізумен қатар, мемлекеттегі кедейлік стереотиптермен күресу керек. Дегенмен, қолайлы құқықтық негіздерді құру арқылы, билік жағдайды бақылап отыра алады, деп есептейді.

Тәжік әскерлері минадан алған жарақаттары үшін өтем ақыларын алуға қатысты өз құқықтарын қорғауда

Минадан азап шеккен бұрын әскерлер мемлекет оларды тағдыр тәлкегіне қалдырып кетті деп есептейді.

Аслибегим Манзаршоева
Душанбе қ.

Тәжік әскерінің бұрынғы әскер қызметкерлері миналық жарылыс кезінде қаза болған, қызметтердегі міндеттерін өтеу кезінде алған жарақаттары үшін оларға тиісті өтемдерін билік ұстап отырғандары туралы айтты. 1995 жылы Джафар Нозимов мемлекеттің шығысында Тавильдара аймағында оппозициялық партизандық топтармен күрес уақытында үкіметтік әскерде қызмет етіп жүрген. Әскери қызмет кезінде Джафар минаны басып кетіп бір аяғынан айырылып қалған.

Ол алдыңғы күні мина жарылысы кезінде қайтыс болған екі баланың денесін алып шықпақшы болған. Болашақта әскери қызметке жарамайтынын айтқаннан кейін, Нозимовтың айтуынша, «Мен бірнеше рет қызмет еткен әскери бөлімге өтініш жаздым, кейін военкоматқа, одан кейін Қорғаныс министрігі мен әскери прокуратураға жаздым. Барлық жерде бірдей жауап береді, сіз бізде тіркелген емессіз сол себепті сақтандыру мен жәрдемақыны төлей алмаймыз дейді».

Нозимовтан басқа Тәжікстанда минадан жарақат алған 90-ға жуық әскер қызметкерлері бар, минаның жарылысынан қызметтерін өтеу кезінде қайтыс болған 40 қа жуық отбасылар бар. Олардың көбі қажетті өтемақыларын ал-

маймыз деп шағымдануда. Тәжікстандағы БҰҰ қаржылай қолдауымен 2003 жылы минаны жою бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында құрылған минаны жою орталығының деректеріне сәйкес, 1992 жылдан бастап, 350 адам қайтыс болған, 450 адам мина жарылу кезінде немесе оқ дәрілері қарусыздандырылмай қалғандықтан жарақат алған.

Олардың көбі азаматтық тұлғалар, олар мал бағыпжүргенде немесе ауылшаруашылықтарын жүргізу кезінде немесе отын жинау кезінде белгіленбеген миналық зоналарда аяқ тарымен басып кеткен. Шамамен үштен көп бөлігі кішкентай балалар. Минаны жою орталығының есептеулері бойынша, барлық қайтыс болғандардың немесе мина жарылу кезінде жарақат алғандардың оннан бір бөлігі сол уақытта ішкі істерде қызмет етіп жүрген. Жаяу әскерге қарсы миналар Тәжікстанда үш тарихи кезеңде орналастырылған, бұл 80 жылдары совет әскерлерінің афган шекарасының маңында орналастырған, 1992-1997 жылы Рашт алаңының шығысында азамат соғысы кезінде; 1999-2000 жылдары ислам жауынгерлері шабуыл жасағандықтан, өзбек әскерлері Тәжікстанмен шекарада орналастырған. Соңғы жарақат алғандардың бірі 26 жасар Мухаммад Ерахманов, осы жылдың маусым айында Тәжікстанның оңтүстігінде орналасқан Дарваз ауданында минаның жарылысынан кезінен айырылып қалған.

Ал Талабшо Косимов, Нозимов сияқты 10 бұрын аяқталған азамат соғысы кезінен өтемақысын алуға тырысып жүр. 1996 жылы әскери



қызметін өтеу кезінде, минаны жою операциясы болып жатқанда аяғынан айырылып қалған. 9ай әскери ауруханада жатып, Косимов жазылып шыққаннан кейін, минадан жарақат алғандарға берілетін сақтандыруын, не өтемақысын алған жоқ. Сонда оған бөлім бастығы, жұмыс істеп жүрген офицерлердің жалақысын беруге қаржы жоқ деп айтты. Ал Косимов әскерден кетіп қалғанда, ол азаматтық тұлға деп, оған өтемақы төленбейтінін айтты. Оны Кулоб ауданындағы жергілікті әкімшілікке жіберді, үгедек болғаны үшін айына 18 доллар пенсия алып тұрады, бірақ ол ресми күнделікті өмір сүру деңгейіне



бекітілген мөлшерден аз. Косимов кішкентай пенсияға қосымша жергілікті ауруханада қмыс істейді, дегенмен оның өзі оңайға соғып жүрген жоқ. «Жалақы мен мүгедек болғандықтан алатын пенсия өздеріңіз түсінетін шығарсыздар үш баланың әкесі ретінде түкке жетпейді»-дейді ол. Косимов пен Нозимов қорғаныс министрлігі оларға теріс қарады деп есептейді. Дегенмен оларға бұрынғы және қазіргі өтемақылар төлену керек екенін айтып отыр.

Носимов көптеген бұрынғы әскерлер «әр түрлі топқа жататын мүгедек болғанымызға қарамастан, ешқандай өтемақы және мемлекеттен көмек алған жоқпыз» – деп отыр. «Көптеген балалар жұмысқа жарамсыз, бірақ жұмыс істегілері келеді, кішкентай мүгедектерге арналған пенсияға отбасын бағу мүмкін емес» – қосты ол. Нозимовтың айтуынша, өтемақыны төлеу 30 пайызға қысқарғандықтан, 4 жыл бұрын әскери қызметкерлердің демалысқа кетудегі уақтылы өтемақысының бүгінгі көрсеткіші 540 долларды құрайды. Қорғаныс министрлігінің өкілдері IWPR – ға жолдаған хатында былай деп баяндады: «Заңнамамен қарастырылған сақтандыру мөлшері мен уақтылы өтемақы сұрақтары бойынша ешқандай қайтарулар болған жоқ». Сонымен қатар хатта 2005 жылдағыдай Қорғаныс Министрлігі мемлекеттік сақтандыру компаниясы арқылы

төлем жасалады деп мәлімдеді, ал сол уақытта бұрынғы бөлімшенің қаза болған әскерлеріне белгілі әскери бөлімше уақтылы өтемақы жасайды. Әскери штабта инженерлік бөлімшелерді басқаратын генерал-майор Абдуқажор Сатторов, барлық қызметтегі құрам сақтандырылған болатын деп қосымша айтып кетті. Штабтағы операцияны үйлестірушісі Парвиз Мавлонкуловтың айтуы бойынша, қазіргі кездегі минаны жою орталығының өткізетін минаға қарсы операциядан қаза болғандар сақтандыру қаржысын алуға және тегін емделуге құқылары бар.

Төлемақы жарақаттың түріне қарай беріледі, ал қайтыс болған жағдайда туысқандары 20000-25000 доллар ала алады. Берілген төлемдерді минаны жою орталығы мен олардың қолдаушылары береді. «Әрине сөзсіз Қорғаныс министрлігі де көмек көрсетеді, бірақ сіз Тәжікстандағы жағдайды өзіңіз де білесіз, бұл мөлшер сақтандыру компанияларынан алатын қаржыдан тым төмен» – дейді Мавлонқұлов. Жарақатты бұрында алған әскерлер, қорғаныс министрлігінен және басқа үкіметтік мекемелерден міндетті түрде өтемақы алады.

Нозимовтың айтуынша, қорғаныс министрлігіндегі шенеуліктер әскер қызметкерлерінен бас тартып, олардың сұранымдарын жергілікті әкімшілікке жібереді, олар қаза болғандарға көмектесу үшін ешнәрсе жасап жатқан жоқ.

«Біз тағы кімге баратынымызды білмейміз» – дейді ол. Нозимов басқа әскерлермен бірге, лайықты өтемақыларын алу



мақсатында, бұрынғы әскерлер одағын құрмақшы. Бұл топ бұрынғы әскерлерге заңдық тұрғыдан кеңес беріп, сонымен қатар өзін және отбасын тамақтандыру үшін, жұмыс іздеуге көмектеседі. Бұл ұйым алғашқы қадамдарын жасап отыр және қаржылай мәселелерге шалдығуда. Бірде сол топтың белсенділері қорғаныс министрлігіне кеңсе сұрап барған. Дегенмен қорғаныс министрлігі қаза болғандарға көмек көрсететін мұндай ұйымдар көп деп, сұраныдарын қабылдамады. Министрліктің өкілі оларды IWPR атап берді: бұл мүгедектердің ұлттық ассоциациясы, Мылқаулар Одағы, сонымен қатар протездерді дайындау фабрикасы. Жоғарыда аталғанға қарамастан, Мавлонкулов мұндай бастаманы қолдайтынын айтты, себебі жаңа ассоциация өзінің мүшелерінің қызығушылықтарын қолдауы мүмкін және донорлар жағынан қаржылай көмек алуы да мүмкін.

Өзбекстан: кішкентай балалардың мақта жинаудағы еңбегін түбімен жою мүмкін бе?

Орта Азиядағы IWPR
қызметкерлері

Қыркүйек айының ортасынан бастап тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдары және құқыққорғаушылардың хабарлауынша, мақта жинау кезеңінен бастап егістікте жұмыс істеп жүрген балалар пай-



да бола бастады. «Мектептерде мақта жинаудан арнайы нормалар белгіленген», – Ферғана алабы елді мекенінің тұрғыны. Мектеп директрларының бірі балаларын мақта жинауға алып шыққысы келмегенде, оны жұмыстан шығарамыз деп қорқытқан».

Өзбекстанда қайнар көздері 22 қыркүйек күні Өзбекстанның премьер-министрі Шавкат Мирзияев барлық аймақтардың қауіпсіздік қызметі жетекшілерінің атжалмандармен селекциялық жиналыс өткізіп, «хашара» тәсілімен мақта жинауды ұйымдастыруды тапсырған. Бұл дәстүрлі

әдет-ғұрып, ортақ іс үшін ерікпен істелетін ұжымдық жұмыс, Өзбекстанда бұрыннан бері күштеп істелетін балалардың еңбегіне айналған. 2008 жылға дейін мемлекетте балалар енгебін қолдануға қатысты тәжірибе кең тараған. 8-9 жас кезінде кәмілетке толмаған балалар күшпен егістікке жұмысқа шақырылатын, соның арқасында халықаралық бірлестіктер билікті шақырып, бала еңбегін қолдануды шектеуді сұраған. Өткен жылдың қыркүйек айында өзбекстанның билігі мақта егістігінде балалардың еңегін қолдануға тиым салған, БҰҰ «балаларды пайдаланудың ең жаман түрін құрту» және «жұмысқа қабылдану туралы ең төменгі жас» туралы Конвенцияны

бекіткен. Бұл ірі импотерлер мен АҚШ пен Ұлыбританияның киімдерін сататындардың келісім бұзуынан кейін, олар ресми Ташкентті балаларды мақта

егістігіне жұмсағандары үшін сын айтып, қарсылық ретінде өзбекстанның мақтасынан жасалған бұйымдарды алудан бас тартады. 2009 жылдың мамыр айында оқушы балалар мақта егістігінде жұмыс істеп жүр деген хабарлар түсе бастады.

Кейбір шаруа қожалығының иелерінің айтуынша, балалар еңбегінен шын мәнінде бас тартуға болады. Билікке ауылшаруашылық секторында реформалар жүргізу керек, қожалық иелеріне стратегиялық мәдениет бойынша мемлекеттік тапсырысты орындауын жою керек. Осы жылы билік үш жарым миллион тоннадан кем емес мақта жинауды бекіткен. Қазір мемлекетте жұмыссыздар деңгейі жоғары, мадикор базары [әр түрлі жұмысшыларды жалдайтын жер] жұмыссыздарға толы, – деп есептейді Ташкент облысынан мақта жинаушы. Үкімет бұл адамдарды жинап, егістікке шығара алады. «Осы арқылы балалардың еңбегін қолданудың алдын алса болады». Әрине мұны жүзеге



асыру үшін көп мөлшерде адамдар саны мен тез арада мақта жинауды, қосымша қаражатты қажет етеді, бірақ оны шешуге болады деп есептейді шаруа.

Әрбір шаруалықтың қожайынында банкте есеп шоттары бар, со жерге сатып алатын мемлекеттік компаниялардан мақтаны сатудан қаржы түсіп отырады. 2008 жылы өзбек мақтасының бір килограммы 400 сомды құрайды. (26 центнер), осы жылы билік басындағылар шаруаларға 502 сом (33цент) төлейтіндерін баяндады. Мақта жинау кезіндегі шоттағы қаражаттың жарты бөлігін қожайын иелері мақтаны жинағандаға береді, бірақ ақшаға айналдыру қиын, қожалық иелерінің айтуынша, өзбек сомдарын алуда шектеулер бар.

«Егер қожалық иелеріне шоттарындағы ақшаны өздері басқаруға еркіндік берсе, ода мақтаны балаларсыз жинауға болады», – деп әңгімеге кірісті Жизақ ауданының қожалық иесі. – Қаншама адамдар қазір бізде мақта жинауға Қазақстанға кетіп жатыр, өйткені ол жақта көбірек қаржы төлейді».

Мақта өсіретін көрші Қырғызстан мен Қазақстанда, бір килограмм үшін 11-15 цент төлейді. 2008 жылы жиналған мақтаның бір килограммы үшін өзбек балаларына 2,5 цент, ал үлкендеріне 3,5 центтен төлейтін. Ауыл шаруашылық секторы қазіргі механизацияның арқасында балалар еңбегін қолданбай ақ қойса болады. «90 жылдардың басында [өткен ғасырдың] бізде мақта жинайтын жақсы құрал – жабдықтар болатын, – деп еске алды мемлекеттің солтүстік-батысында орналасқан Хорезм облысының қожалық иесі. Мысалы 1991 жылы балаларды мақтаға шығармайтын, оны машиналардың арқасында жинап алатын».

Өзбекстанның үкіметі құқыққорғаушылардың мүмкіндігін шектеуде

Демонстрациялар өткізу үшін, белсенділер заңды айналып өту амалын іздейді.

Баходир Намозов, Ташкент қ.

Өзбекстандағы құқыққорғаушы ұйымдар таңдау алдында тұр: қоғамдық наразылық өткізіп, құқыққорғаушы органдармен құтыла алмайтын мәселелер туындауы мүмкін немесе үйде отырып, өз өзінді тыныш ұстап, биліктің тілегі бойынша, ешкімнің көзіне көрінбеу. Өзбектің құқыққорғаушы ұйымдарын заңдық тұрғыдан мойындамайтын, мүшелері әрдайым қарауда жүреді, құдіретті полицейлік мемлекеттің көлеңкесінде өмір сүреді. IWPR сұрастырған ұйым мүшелері, оларға қарсы қолданатын бірқатар шаралар туралы айтып берді, – бақылаудан бастап, шабуыл мен тұтқынға дейін. Жизак облысынан жетекші белсенділердің бірінің айтуынша, әріптестерімен күнделікті бақылауда өмір сүреміз, биліктің сынымен баяндама жасағанда бақылау күшейіп кетеді. «Соңғы кезде құқыққорғаушыларды қарулы күштер органдары аңдитын [жағдай] көбейіп кетті», – дейді ол. Жақында әріптестерінің біреуін


ұлттық қауіпсіздік қызметіне, «профилактикалық әңгіме» өткізу үшін шақырған. Шын мәнінде мұндай әңгімелесулер құқық қорғау

қызметінің орнына қорқыту мен жеңілдіктер аралас мүмкіндіктер береді. Белсенді тұлғаның айтуынша, оның тағы бір әріптесінің үйінің жанында күнделікті автокөліктер тұрады, ол көліктердің ішінде милиционерлер отырады, оған келушілерге азаматтық белсенділерге емес, арыздарыңызбен мемлекеттік органдарға бару керек деп айтады. Сонымен қатар, оның айтуынша, қауіпсіздік қызметкерлері қиынырақ тәсілдерді қолданады, агенттерін пайдалана отырып, құқыққорғаушылардың арасына кіріп, іріткі салады. «Біз қиын шартта өмір сүреміз», – дейді ол. Мемлекеттік орғандағылар құқыққорғаушыларды өз арасында бір-бірімен ұрыстыру үшін әр түрлі өсектер таратады». Құқыққорғаушы органның мүшесін тергеуге шақырып, ал кейін билік ол «сатылып кетті» деген өсек таратқан кездер болды. «Құқыққорғаушылардың арасында бір-біріне деген сенбеушілік пайда болады», – дейді ол. Қорқыныш жағдайына қарамастан, құқыққорғаушылар қоғамдық мәселелер туралы ақпараттың деңгейін көтеруіне қатысты наразылықтарын білдіріп жатады. Сол себепті олар Өзбекстанның қоғамдық жиналыстарына қатысты реп-ессивті заңдармен тікелей қақтығысқа түседі. Ашық жерде наразылық білдіру үшін рұқсат сұрау қажет; құқыққорғаушы ұйымдар мен басқа тілек білдіргендерге рұқсат бермейді. Өзіндік жиналыстар өткізген жағдайда полицейлер араласып кетеді. Заңды алшақтап өту үшін, белсенділер кішкентай акциялар өткізді, оларды «пикет» деп атайды. Бұларды тікзудің мақсаты, себебі пикеттер заңмен шектелмейді.

Оған қарамастан, пикетке қатысушылар репрессияға ұшырайды: Ташкентте желтоқсан айында бас прокуратураның

мекемесінің жанында қатысушылар жиналғанда, қоршап, оларды участкеге алып кеткен, бірақ олардың акциялары ешқандай мәселесіз өткен. Билік басындағылар дайындалып жатқан наразылық акциялары туралы ақпаратты алса, оларды болдырмауға қатысты шара қолданады.

Ташкенттегі «Ар тұтқындары комитетінің» директоры өзінің үйден шығып келе жатқанда екі ер адамның жақындап келіп, «егер үйден кетсеңіз, біз сізді тұтқындап бөлімге апарамыз. Біз сіздің ұйымдастырушылардың бірі екенін білеміз» деп айтқанын хабарлады.



Осы жылдың 13 мамырында құқыққорғаушылар жиналып, Ташкенттегі ерлік Монументіне гүл қоюды жоспарлаған еді. Бірақ олардың ойлары жүзеге аспады, себебі, бірқатар белсенділерді билік алдын-ала тұтқынға алды, ал қалғандарына үйлерінен шығуға мүмкіндік берген жоқ.

Әйтсе де екі құқыққорғаушы монументке гүл қойып үлгерді, бәрақ оларды сол сәтте-ақ милиция қызметкерлері ұстады.

Бұл күнді билік үнсіздікпен қарсы алды. 2005 жылдың 13 мамырында өзбек билігінің әскерлері Ферғана облысының шығысында

орналасқан Әндіжан қаласында өтіп жатқан демонстрация қатысушыларына қарсы оқ атты. Нәтижесінде, жүздеген бейбіт тұрғын жарақат алды және қаза тапты. Осы оқиғадан кейін жүргізілген тұтқындау сериясы әндіжан митингісіне қатысы бар барлық жандарды қамтып кетті.

Елдің екі түрлі аймағының құқыққорғаушылары мұндай жолдар арқылы қарсылық білдірудің қажеттілігіне күмәнмен қарайды, мұндай шараларды жеткіліксіз, тіпті кейде бұл кері жағдайға әкеліп соғуы да мүмкін деп санайды.

«Егер жағдайға құқықтық жағынан келсең, мемлекеттік органдар мен айдан хокимдері ешқайда да кете алмайды, – дейді бірі. – Бірақ, сәл бірдеңе бола қалса көшеге жүгіріп шығып, айқайлап, аттандау ештеңені де шеше алмайды. Керісінше, мұндай жағдайда ел бізден қашады».

Әндіжан оқиғаларына тәуелсіз тергеу жүргізілуін талап еткен батыс елдеріне деген жаулықтың салдары, екі арадағы қарым-қатынастың жақсарғанына қарамастан әлі күнге шенеуніктер мен құқыққорғаушылардың арасына сызат түсіріп келеді.

«Құқыққорғаушылар АҚШ мен өзге де батыс державаларының тыңшылары, – деді ел ІІМ терроризм мен радикалды исламға қарсы күрес бөлімінің қызметкері (олар әрі диссиденттерге де қарсы күрес жүргізеді). – Олар әр акциясына үлкен ақша алады».

Оның сөздеріне қарағанда милицияда мұндай белсенділерге қарсы, олар ешқандай қарсылық көрсетпесе де, күш қолдануға рұқсат беретін бұйрық бар.

«Бізді олар халықтың жауы және Батысың ықпалындағы агенттер деп үйретеді», – деді ол.

Саясаттанушы Камрон Алиев құқыққорғау ұйымдарының айтарлықтай қаржылық қолдау тауып отырғанын жайлы сөз аңыз деп атап көрсетіп кетті. Құқыққорғаушылар алып отырған үлкен пайда жайлы мәлімдемелер – бос сөз дейді ол. «Егер тырысып бақса құқыққорғаушылар арасынан тек американдық агенттер ғана емес, Түркия, Пәкістан, Жапония, тіпті Моңғолияның да тыңшыларын табуға болады», – деді саясаттанушы.

«Бұл арнайы қызмет бөлімдерінің шығарғаны. Бұл жау бейнесін ойлап тауып, құқыққорғаушылар мен демократтарға қарсы халықты қою үшін жасаланып отыр. Мен түрлі хокимияттардағы шенеуніктер мен құқыққорғау органдарының қызметкерлеріне қарағанда шалқып өмір сүріп жүрген құқыққорғаушыларды білмейді екенмін», – деді Алиев.

(Сұралғандардың есімдері қауіпсіздік мақсаттарында аталған жоқ.)

ҚАЗАҚСТАН

Адам құқығы мен заңдылықты сақтау қазақстандық халықаралық бюросы

КМБПЧ Бас кеңсесі
Алматы қ, 8-ші ықшам ауданы,
4-а, 423 кеңсе
+7 727 225 42 71
roza@bureau.kz
www.bureau.kz

MediaNet Халыаралық журналистика орталығы

Алматы қ,
Қазыбек би көшесі, 50, 100 кеңсе
+7 727 2724829
abramov@medianet.kz
www.medianet.kz

«ТВ-батыс-инфо» ҚБ

Атырау қ, Махамбет көшесі, 118 Б
+7 7122 326813
batys-info@mail.ru,
v.s.lee@mail.ru

«Десента» Қоры (Павлодар)

Павлодар қ
Есеналиева көшесі, 1, 210 кеңсе
+7 7182 329085
yainebo@gmail.com
www.decenta.org

«Голос свободы Центральной Азии» –аймақтық құқыққорғаушы портал

Voice of Freedom Central Asia
+7 727 2724829
vyacheslav.abramov@gmail.com
www.vof.kg

«Қазақстандағы Комсомольская правда» басылымы

Алматы қ, Өтеген-батыр көшесі, 21 А
+7 727 2774842
komszk@mail.ru
www.kp.kz

«Третья грань» Журналы

Павлодар қ, 1 Мая көшесі, 40, 1 кеңсе
+7 7182 329085
yainebo@gmail.com
www.decenta.org/publish

Құқықтық саясатты зерттеу орталығы

Алматы қ,
Манас көшесі, 34А/8А, 403 кеңсе
+ 7 727 244 8373, 244 8374
info@lprc.kz
www.lprc.kz

Павлодардың аймақтық журналистиканы қолдау орталығы

Павлодар қ,
М.Горький көшесі, 102/4, 318 кеңсе
+7 7182 622580
shomshekov@gmail.com
www.presscenter.kz

«Тілші»

Аймақтық журналистика орталығы
Ақтөбе қ, Чекалин көшесі, 34-54
+7 701 3027907
aktleuov@list.ru

«MEDIALIFE» ҚҚ

Қарағанды қ, Алиханова көшесі, 8а
+ 7 7212 425195
ovolkova@topmail.kz
www.medialife.kz

«Диалог Талдықорған» басылымы

+7 7282 211631
ba4evskaja_yana@mail.ru

«FORPOST»

Тәуелсіз журналистиканы қорғау ордені

Тараз қ,
Абай көшесі, 98, 3 қабат, 304 кеңсе
+7 7262 437842
orden_forpost@mail.ru

«Әділ Арқа» аймақтық БАҚ қодау Қоры

Петропавловск қ, Қазақстанның Конституция көшесі, 2, 5 кеңсе
zaure-zhumalieva@rambler.ru

Солтүстік-қазақстандық құқықтық медиа-орталық

Астана қ,
Бейбітшілік көшесі, 25, 308 кеңсе
+7 7172 910588
kstmedia@mail.kz

ТӘЖІКСТАН

«Мадина» ҮЕҰ

Хорог қ, Ленин көшесі, 137,8 пәтер
+ 992 3522 24360, 24987
ngomadina@mail.ru

Бұқаралық ақпарат құралдарының Тәуелсіз Ұлттық Ассоциациясы

Душанбе қ, Хусейнзода көшесі, 34-415
+ 992 372 2213711, 2233058
nansmit@tojikiston.com
www.nansmit.tj

Душанбедегі ЕҚЫҰ Орталығы Адам құқығы бойынша бөлім

Душанбе қ, Ахмади Дониш көшесі, 18 А
+992 37 2265014, 2265015

Адам құқығы бойынша орталық

Душанбе қ, Чехов көшесі, 1/4, 1 пәтер
+992 372 4442943
khalilov2002@mail.ru

UNIFEM Әйелдер Қоры

Душанбе қ, Хусейнзаде көшесі, 35
+992 372 2211831, 2210645
Unifem@tajnet.com

Халықаралық Еңбек Тәжікстандағы балалардың еңбегін жоюға арналған жоба

Душанбе қ, Айни көшесі, 39,
+992 47 4410641, +992 47 4410646
khosabekova@ilo.org

«Дилафруз» ҮЕҰ

Курган-Тюбе қ, Борбад-За көшесі /29
+992 3222 32274, 22776
rayhona@kt.rs.tj

«Азия Плюс»

Қоғамдық саяси басылымы
Душанбе қ,
Саади Шерози даңғылы, 16, 1-ші
қабат.
+992 44 6007108; 6007110
gency@asiaplus.tj

«Наджоти Кудакон»

Қоғамдық қоры
Куляб қ, Борбад көшесі, 13
2 52 35;2 63 09, 918 67 80 02
farzona52@mail.ru

«Жастар және цивилизация» ҮЕҰ

Худжанд қ, Ленин көшесі, 42,
406 пәтер
+992 3422 61770, 61790
siyc@yandex.ru
www.humanrights.tj

«Фараж»

Қоғамдық саяси басылымы
Душанбе қ, Саади Шерози
даңғылы, 16
+992 372 385877
faraj-73@mail.ru

«Паём» ҚБ

Ақпарат агенттігі
Курган-Тюбе қ, Борбад көшесі, 1/15
+992 3222 25325
sotiev@tajik.net
www.payom.tj

Адам құқығы мен зандылықты сақтау бюросы

Душанбе қ, Рудаки даңғылы,
137, 6 кеңсе
+ 992 372 2285110

«Tajik times»

Қоғамдық саяси басылымы
Душанбе қ, Мушфики көшесі, 60/1
+992 37 2381384, 2340665
tajiktimes@yahoo.com

Худжанд қ, Ленин көшесі, 6, 1 пәтер

+ 992 3422 43206
bhr.taj@gmail.com

ҚЫРҒЫЗСТАН

Қырғызстан Республикасының Омбудсмен Институты

Бішкек қ, Тыныстанова, көшесі 120
+996 312 663141
ombudsman@inbox.ru

Қоғамдық қор – «Әділет» Құқықтық клиникасы

Бішкек қ. Уметалиева көшесі, 39
+996 312 653513
legal@elcat.kg

Жастардың құқық қорғаушы тобы

Бішкек қ,
Московская көшесі, 41 Б, кв. 8
+996 312 479840
spinstyle@yandex.ru

«Әділеттік» Құқыққорғаушы ұйымы

Джалал-Абад, қ. Ж.Бакиева көшесі, 27
+996 3722 56038
gvalentina01@gmail.com

Медиа өкіл Институты

Бішкек қ, Мира даңғылы, 44/1
+996 312 595467, 595128
akmat@media.kg

БАҚ қатысты шағымдарды

қарастыру комиссиясы
+996 775 981091
nvsk2006@mail.ru

Балалардың құқығын қорғау лигасы

Бішкек қ, Эркиндик, 35,18
+996 312 662587
cdri2008@gmail.com

Журналистер ҚБ

Бішкек қ, Ш.Руставели көшесі, 48, 10
+996 312 563463
tokoevm@mail.ru

«Кылым Шамы»

Адам құқығын қорғау орталығы

Бішкек қ,
Л.Толстой көшесі, 114, 408 кеңсе
+996 312 659431; 245976
abdirasulova@mail.ru

«Сорос-Қырғызстан» Қоры

Бішкек қ, Логвиненко көшесі, 55-а
+996 312 663475, 622655
office@soros.kg

Қоғамдық саясат Институты

Бішкек қ, Исанова көшесі, 42/1
+996 312 682836
office@ipp.kg

«Жемқорлыққа қарсы азаматтық қоғам» ҚБ

Бішкек қ, Московская көшесі, 158/11
+996 312 318645, 628091
info@anticorruption.kg

«Сөз бостандығы» ҚБ

Бішкек қ, Советская көшесі,
204, 4-қабат.
+996 312 906240
bagishbekov@gmail.com

«Демократия мен азаматтық қоғам Коалициясы» ҚБ

Бішкек қ, Токтогула көшесі, 214
+996 312 310353
coalitionkg@gmail.com

Institute for war & peace reporting

48 Gray's Inn Road
London, WC1X 8LT, UK
Tel: (44 20) 7831 1030
Fax: (44 20) 7831 1050
Web: www.iwpr.net
E-mail: info@iwpr.net



Қырғыз Республикасындағы IWPR Өкілдігі

Қырғыз Республикасы,
Бішкек қ., 720017
Тоголок Молдо к-сі, 18-2
Тел.: + 996 312 66 44 53, 61 38 70
Факс: + 996 312 61 38 70
E-mail: iwpr.kyrgyz@iwpr.net



Қазақстан Республикасындағы IWPR Өкілдігі

Қазақстан Республикасы,
Алматы қ., 050000
Қазыбек би к-сі 50
2 қабат, 84 кеңсе
Тел.: +7 727 272 59 03, 272 64 21, 272 68 90
E-mail: iwpr.kazakhstan@iwpr.net



Тәжікстан Республикасындағы IWPR Өкілдігі

Тәжікстан Республикасы
Душанбе қ., 734003
Рудаки д-лы, «Точикматлубот» 137, 6 қабат
Тел.: + 992 372 24 70 26
Тел./Факс: + 992 372 24 70 51
E-mail: iwpr.tajikistan@iwpr.net

IWPR осы жарияланымның мазмұнына толықтай жауап береді, жарияланымның Еуро Одақ мемлекеттерінің көзқарасын білдіруі міндетті емес.